Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 2 (1213)

17.01.2025

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

МОБИЛЬДІ АҚША АУДАРЫМДАРЫ ТЕКСЕРІЛЕТІН БОЛДЫ

СОҢҒЫ КЕЗДЕ ҚАРЫЗҒА ЗАТ АЛЫП ЖҮРГЕН ТАНЫС САТУШЫ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРІМ ҚОЛҒА АҚША ТҮСКЕНДЕ БЕРЕШЕГІМДІ КАСПИЙ АРҚЫЛЫ ЖІБЕРЕЙІН ДЕСЕМ, АЗАР ДА БЕЗЕР БОЛЫП, БАСҚА ТЕЛЕФОН БЕРЕДІ, СОҒАН ЖІБЕРІҢІЗ ДЕП. Е-Е-Е, ҰСАҚ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ДЕ ТАБЫСЫ САЛЫҚҚА ІЛІНІПТІ ҒОЙ ДЕП ОЙЛАУҒА ТУРА КЕЛДІ. БҰҒАН ДЕЙІН, ЕСТЕРІҢІЗДЕ БОЛСА, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС КӘСІПКЕРЛЕРІ 3 ЖЫЛҒА САЛЫҚТАН БОСАТЫЛҒАН ЕДІ ҒОЙ. ОДАН БЕРІ ТАЛАЙ УАҚЫТ ӨТІПТІ. АЛ САЛЫҚШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ ҚАЗІР?

- Өкінішке орай, бізде әлі жасырын кірістер мен тіркелмеген кәсіпкерлер баршылық. Мобильді ақша аударымдарын тексеру соларды анықтауға арналған. Өйткені көптеген кәсіпкерлер тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін төлемді кәсіпкерлік қызметке арналмаған жеке шоттарға мобильді аударымдар арқылы қабылдайды, - дейді салықшылар. Мемлекеттік кірістер комитетінің мобильді аударымдарға қатысты кезекті ескертуінен кейін қазақстандықтар арасында осы мәселеге қатысты сұрақтар көбейді. Салықшылар аударымдардың санына қарай ма? Жоқ, әлде жалпы сомасы ескеріле ме? Бақылау шаралары қалай жүргізіледі? Ал, ең бастысы, қандай жаза қарастырылған?

«Sputnik Қазақстан» порталы осы тақырыптағы ең маңызды сұрақтарға Мемлекеттік Кірістер комитетінің жауабын ұсыныпты.

Салықшылар мобильді аударымдарды неге бақылай бастады?

– 2024 жылы Қазақстанда алты айдың ішінде кәсіпкерлердің 76 проценті өз табысын 5 миллион теңгеден төмен деп көрсеткен. «Енді осы соманы алты айға бөліп көрейікші. Сонда күн сайынғы табыс небәрі 27 мың теңгені құрайды. Ал үйдің жанындағы қай дүкенде ондай табыс болады деп ойлайсыз? Ондай кәсіпкерлердің бәрі өз табысын төмендетіп көрсетіп отыр», - дейді салықшы Дина Құсайынова.

Ұлттық банктің 2023 жылғы есебіне сәйкес, тауар мен қызметтер үшін төлемдердің жалпы көлемі 50,3 трлн теңге болған. Ал мобильді аударымдардың көлемі 80 триллионнан асып түсті.

Биылдан бастап кімдердің мобильді аударымдары бақылауға алынады?

– Жаңа жылдан кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың басшылары мен олардың жұбайлары жасаған мобильді аударымдар бақылауға алынады. Бұған дейін салық органдары мемлекеттік қызметшілер, бюджет және квазимемлекеттік сала қызметкерлерінің мобильді аударымдарын тексере бастады.

Сонда биыл жасалған мобильді аударымдарға қатысты ақпарат алына ма?

– Жоқ, салықшылар былтыр жасалған мобильді аударымдарды тексереді. Ол үшін банктерден кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың басшыларына қатысты ақпарат алынады.

Тексеріс кезінде қандай талаптар ескеріледі?

– Дәл қазір мобильді аударымдардың саны ғана есепке алынады. Мемлекеттік кірістер комитетінің бас сарапшысы Ерсайын Көптілеуұлының айтуынша, ай сайын 100 және одан көп тұлғалардан үш ай қатарынан түскен мобильді аударымдар бақылауға алынады. «Бұл жерде 100 аударым 100 түрлі адамнан түсуі керек. Мысалы, қаңтар айында 100 түрлі адам, ақпан айында 100 түрлі адам, наурызда 100 түрлі адамнан мобильді аударым түссе, сонда ғана ол назарға ілінеді», - дейді Көптілеуұлы.

Бұған дейін мобильді аударымдардың сомасына да назар аударылады деген. Жалпы сомасы 255 мың теңгеден асуы керек деген ақпарат қайдан шықты?

– Иә, ондай ақпарат бар. Бірақ 255 мың теңгелік шек әлі енгізілген жоқ. Бұл өзгерісті салықшылар ұсынып отыр. Ұлттық банк өз келісімін берсе, мобильді аударымдардың санына ғана емес, сомасына да көңіл бөлінеді.

Кәсіпкер мобильді аударымдар арқылы үш ай қатарынан 100-ден астам төлем алса, не болады?

– Салықшылар алдымен ескерту жібереді. Оны орындауға 30 жұмыс күні беріледі. Осы уақыттың ішінде кәсіпкер қосымша декларацияда табыстың артқанын көрсетіп, салық органдарына жіберуге тиіс. Сосын нақты табыстың салығын төлеу керек. Ескертуден кейін осы шараларды өздігінен жасаған кәсіпкерлерге ешқандай жаза қолданылмайды.

Кәсіпкер ескертуді елемесе, салықшылар не істейді?

– Мемлекеттік кірістер комитетінің ескертуі орындалмаса, салықшылар өздері келіп, тексеріс жасай алады. Кәсіпкердің есепшоттары да бұғатталуы мүмкін.

Қайырымдылыққа арналған мобильді аударымдар бақылана ма?

– Садақа, қайырымдылық немесе біреудің ем-домы үшін жіберілген ақша кәсіпкерлікке жатпайды. Оған салық та салынбайды. Сондықтан ондай мобильді аударымдар бақылауға алынбайды.

Жеке тұлғалардың мобильді аударымдары да бақылауға алына ма?

– Иә, 2026 жылдан бастап жеке тұлғалардың мобильді аударымдары да бақылауға алынады.

Банктер жеке тұлғаларға қатысты қай жылдың ақпаратын жібереді?

– 2026 жылы банктер жеке тұлғалардың 2025 жылда жасаған мобильді аударымдары бойынша барлық ақпаратты салық органдарына ұсынады.

Редакциядан: Қысқасы, бұл шара арқылы елдегі көлеңкелі бизнеспен күрес басталды деген сөз. Басталғаны дұрыс-ақ. Алайда, «айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылып» жүрмесе болды, экс - Бас прокурор Жақып Асанов айтпақшыдай «біз заңды бизнесті қорғауымыз керек, алайда кошмарить етпеуіміз де керек» - деп.

Жеке тұлғаның мобильді қосымшасын тексеру үшін де заңдылық сақталғаны дұрыс. Оған салықшының қандай заңды негізде құқығы бар? Әлде, бәріміз салықшының тұтқыны болдық па? Жеке тұлғаның кімге қанша ақша аударудың шегі бар ма? Оқып жатқан баламыз бен немеремізге жіберіп тұратын ақшамызға салық салынып жатса – ол қай заңда бар дүние? Маған сол жағы түсініксіз.

Салықшылар «айттым – бітті !» демей, ел арасына шығып, түсінік жұмыстарын жүргізсе дұрыс болар еді.

Баян ТАҢАТАРОВА

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
1 жылға – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

Биыл Жетісу облысының денсаулық сақтау саласында 88 нысан ашу жоспарланған, соның 59-ы «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдарламасы аясында, 20-сы блокты-модульді нысан, 9-ы – жаңа құрылыс.

* * *

Жетісу облысында талдықорғандық 30 көпбалалы отбасы «Береке» коттедж қалашығынан жаңа үйлердің кілтіне ие болды. «Береке» коттедж қалашығындағы 25 коттедж өткен жылдың соңында кезекте тұрған азаматтарға тапсырылды. Бүгін тағы 30 отбасыға үй кілттері табысталды. Тағы 42-сін бірінші тоқсанның соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Қалған 107-сі кезең-кезеңімен енгізіледі. Жалпы биыл коттедж қалашығының құрылысын толығымен аяқтау тапсырылған.

* * *

Биыл Жетісу облысында 122 әлеуметтік нысанның құрылысы жоспарланған, оның 105-і осы жылы пайдалануға беріледі. Облыстық құрылыс басқармасының мәліметінше, биыл өңірде 100 денсаулық сақтау нысаны, 10 мәдениет нысаны, 8 білім беру нысаны, 3 спорт нысаны және 1 оңалту орталығы салынады, солардың 105-і биыл іске қосылады деп жоспарланған.

* * *

ҚР Ұлттық статистика бюросының мәлімдеуінше 2024 жылдың 1 желтоқсанында елде 20,2 миллионнан астам адам тұрады. Халықтың орташа саны 20 мыңнан астам адамға өсті (өсу қарқыны 1,16%). Қазір қалаларда 12,7 миллионнан астам, ал ауыл тұрғындарының саны 7,5 миллионнан астам адамды құрады. Әйелдер саны - 10,3 миллионнан астам, ерлер - 9,9 млн. Елімізде барлығы астам әйел мен 9,9 миллионнан астам ер адам бар. Сондай-ақ есепті кезеңде Қазақстанда3 38 мыңнан астам бала дүниеге келді, 121 мыңнан астам ел тұрғыны қайтыс болған. Халықтың табиғи өсімі 217 мың адамнан асты.

* * *

Жетісу облысында вирустық жұқпаларға тексерілген 87 адамның 28-інен оң нәтиже тіркелді. Оның ішінде 1 адамнан қауіпті вирус саналатын метапневмовирусы анықталды. Жетісу облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, тұмау мен ЖРВИ-ға қарсы күнделікті мониторинг жүргізіледі. Облыс бойынша 2024-2025 жылдар аралығындағы эпидмаусымда 50 мыңға жуық ЖРВИ тіркелді. Оның 70% - ға жуығы 14 жасқа дейінгі балалар. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 30%-ға төмен.

* * *

Ішкі істер министрі Саденовтың деректері бойынша қылмысты істердің көпшілігі адамның мас күйінде жасалуда. Кісі өліміне әкелетін қылмыстардың 59,4, денсаулыққа қатты зиян келтірудің 62,1, зорлау көрсеткіштерінің 34 пайызы ішімдік салдарынан болған қылмыстар. Сондықтар елімізде мастарды айықтыратын орындарды көбейту қарастырылуда.

* * *

2024 жылы қазақстандақтарға 54 мың адамға 4,5 млрд. теңге жалақы төленбеген. Еңбек инспекциясы жалақы төлемеген 251 кәсіпорын басшыларына ескерту жариялап,оларға 51 млн. теңге айыппұл салынған. 17,7 мың адамның құқығы қорғалып, оларға 3,7 млрд. теңге жалақы төленді. Қалғандарына борыштарды өтеу үшін график жасалып, сол бойынша өтеу қатаң түрде тапсырылды.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

СОҒЫС АРДАГЕРІН 101 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Ұлы Отан соғысының ардагері, ардагер-педагог, талдықорғандық Ысқақ Құсайыновты 101 жасқа толуымен құттықтады. Ақсақал Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында өзінің ғасырдан асқан белесін өткеруде. Айта кетейік, бүгінде облыста Ұлы Отан соғысының көзі тірі үш ардагері тұрады.

Соғыс ардагерінің қызы мен немересі оның жолын жалғап, білім беру саласында қызмет етуде. Бүгінде ардагердің 9 немересі, 31 шөбересі, 5 шөпшегі бар. Облыс әкімі дәстүр бойынша ардагердің иығына шапан жауып, өзінің құттықтау хатын табыс етті.

Атап өтсек, 2023 жылы Ысқақ Құсайыновқа облыс орталығының жаңа шағын ауданынан бір бөлмелі пәтердің кілті берілген болатын.

Жалпы 2025 жылы Жетісу облысында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу құрметіне соғыс ардагерлері мен мүгедектеріне және оларға теңестірілгендерге – жалпы саны 3 218 адамға біржолғы әлеуметтік көмек төлеуге 393,8 млн. теңге бөлінді. Соның ішінде Ұлы Отан соғысына қатысқан 3 ардагердің әрқайсысына 2 млн. теңгеден 6 млн. теңге қарастырылған. Сондай-ақ жылына бір рет ҰОС ардагерлері санаторий-курорттық тегін еммен қамтылады, оған қоса ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық шығындарға жұмсалатын шығындар өтеледі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фотограф: Жеңіс Ысқабай

8447 АЗАМАТҚА ТӨЛЕМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Бейсен Құранбек атындағы журналистер үйінде «Проактивті қызмет түрлері» тақырыбында БАҚ қызметкерлеріне арналған жиын өтті.

Проактивті қызмет – азаматтардың уақытын үнемдеуге және мемлекеттік қызметтерді жеңіл әрі қолжетімді етуге бағытталған заманауи жүйе.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департамент басшысы Зайда Илимжанова проактивті қызметтердің тиімділігі, олардың азаматтарға қолжетімділігі және мемлекеттік қолдауды жеңілдетудегі маңыздылығы туралы баяндады.

Аталған қызмет түрінің жұмыс істеу механизмдері, жетістіктері және болашаққа жоспарлары талқыланды. Сонымен қатар, 2024 жылғы көрсеткіш бойынша проактивті түрде 8447 азаматқа төлем тағайындалған.

Проактивті қызметтерді пайдалану үшін мобильді азаматтар базасында тіркелу қажет. Бұл тәсіл азаматтарға кезексіз, тез және тиімді қызмет алуға мүмкіндік беретіні де айтылды.

Назерке НАБИКЕНОВА

6026 ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ОРЫН АЛҒАН

Журналистер үйінде Көксу ауданының полиция бөлімі 2024 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша брифинг өткізді. Брифингте спикер ретінде Көксу ауданы полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Ернар Қалтаев және полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Дархан Жақанбай сөз сөйледі.

Брифинг барысында қылмысқа қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыстар, статистикалық мәліметтер және аудандағы қылмыстық ахуалды жақсарту бағытындағы іс-шаралар жан-жақты талқыланды.

2024 жылы Көксу ауданында 6026 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде ұсақ бұзақылық, тыныштықты бұзу және қоғамдық орында мас күйінде болу жағдайлары бойынша 1349 хаттама толтырылды.

Полиция қызметкерлері 2024 жылдың қорытындысы бойыншы қылмыс деңгейінің 16%-ға төмендегенін, ашылған қылмыстардың саны 82,8%-ға жеткенін атап өтті. Сонымен қатар, интернет-алаяқтық, мал ұрлығы және жол-көлік оқиғаларына қатысты мәселелерге ерекше назар аударылды.

Жиын соңында полиция бөлімінің өкілдері 2024 жылдың «Профилактика жылы» болып жарияланғанын және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстарды жалғастыра беретінін мәлімдеді.

Айгерім ШЫНҒЫСОВА

БРИФИНГ

19 ҚАҢТАР – «ШОҚЫНУ МЕРЕКЕСІ»

14 қаңтар Бейсен Құранбек атындағы журналистер үйінде «Крещение Господне» мерекесі кезіндегі қауіпсіздік шараларымен шомылуға арналған арнайы орындарды мәлімдеген баспасөз мәслихаты өтті.

Іс-шарада тұрғындардың суға түсу кезіндегі қауіпсіздік ережесі, жауапкершілік пен қауіпсіздік қағидасын ұстанудың маңызы баяндалды. Мерекені қайғылы оқиғасыз өткізу үшін облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Бағдат Тыныбекұлы суға түсушілерге қарапайым ережелерді сақтауға шақырды.

Жетісу облысы Дін істер басқармасының бөлім басшысы Динара Мұратқызы Крещение кезінде Жетісу облысында суға шомылу орындарын келесі ретте атап өтті:

– Талдықорған қаласы: Қаратал өзені, «Қызыл тас» саяжайы (темір көпір маңы), Текелі қаласы: Шажа өзені, «Шапағат» орталығының жанында, Алакөл ауданы: Үшарал қаласы, Жамбыл көшесі 110, Сарқан қаласы, Сарқан өзені, Тайманова көшесі, «ГЭС» маңы, Ескелді ауданы: Қарабұлақ ауылы, Оразбекова №3 көшесі, Свято-Абалацкий шіркеуіндегі арнайы бассейн, Панфилов ауданы: Жаркент қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 109 үй, Пророк Илии шіркеуіндегі арнайы бассейн, Кербұлақ ауданы: Шұбар ауылы, Кескентерек өзені, Кербұлақ ауданы: Қоғалы ауылы, «Заболотный» шаруа қожалығы аумағындағы өзен мерекеде шомылу орындары болып белгіленген.

Қауіпсіздік ережелерін сақтап, өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз оқырман!

Айгерім НҰРЛАНҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА – ЭТО НЕ «ТЕНЬ ВСЕВЫШНЕГО»

В КАЗАХСТАНЕ ПРОДОЛЖАЕТСЯ ОБСУЖДЕНИЕ БОЛЬШОГО ИНТЕРВЬЮ, КОТОРОЕ ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ДАЛ ИЗДАНИЮ ANA TILI. СТАНОВИТСЯ ТРАДИЦИЕЙ, ЧТО В НАЧАЛЕ ГОДА ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ВЫСКАЗЫВАЕТСЯ НА САМЫЕ РАЗНЫЕ ТЕМЫ ПУТЕМ ИНТЕРВЬЮ КАЗАХСТАНСКИМ СМИ. НА СЕЙ РАЗ ИНТЕРВЬЮ ОПУБЛИКОВАНО В ИЗДАНИИ ANA TILI. С ОДНОЙ СТОРОНЫ, ПРАВИЛЬНО, ЧТО ТАКАЯ ПУБЛИКАЦИЯ ПОЯВИЛАСЬ В ИЗДАНИИ, СТАВШИМ ПРЕДТЕЧЕЙ КАЗАХСТАНСКОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ. НАПОМНЮ, ЧТО ГАЗЕТА СТАЛА ИЗДАВАТЬСЯ С ВЕСНЫ 1990 ГОДА. ЕЕ ПЕРВЫМ РЕДАКТОРОМ СТАЛ ИЗВЕСТНЫЙ ЖУРНАЛИСТ И ПИСАТЕЛЬ ЖАРЫЛКАП БЕЙСЕМБАЙУЛЫ. С ТЕХ ПОР ИЗДАНИЕ БОЛЬШОЕ ВНИМАНИЕ УДЕЛЯЕТ ВОПРОСАМ ДУХОВНОГО ПЛАНА, ПРОСВЕТИТЕЛЬСТВА.



В известной степени, нынешнее интервью главы государства продолжает эти традиции. В то же время возникает вопрос, почему интервью, названное уже некоторыми СМИ и аналитиками программным, появилось не в главном казахскоязычном издании — «Егемен Қазақстан», а в этой газете? Все-таки, если говорить о продолжении традиций и тем более, в вопросах государственной важности, то и надо бы использовать те издания, к которым привык массовой читатель.

Но вернусь к самому интервью. Первое, что можно отметить, — откровенность, с которой президент Токаев говорит о вещах, которые прежде умалчивались. Одна из таких тем — отношения с первым президентом РК Нурсултаном Назарбаевым и поездках последнего в Москву. Предельно тактично и вместе с тем, расставляя все точки над «и», Касым-Жомарт Токаев рассказывает о ситуации, когда в стране царило двоевластие. При этом он призывает помнить о заслугах своего предшественника. И это не просто дипломатично, но и достойно. То, что казахстанский лидер является опытным дипломатом, знают, наверное, многие, кого интересует Казахстан. Но то, что он не просто дипломат, а специалист высочайшего класса, подозревали немногие, а интервью, открывшее этот год, дает нам всем это понять.

ПРИЧИНА ҚАҢТАРА - ПОЛИТИЧЕСКИЙ ЗАСТОЙ И СОЦИАЛЬНАЯ НЕСПРАВЕДЛИВОСТЬ

Однако если ранее глава государства высказывался предельно осторожно о многих вещах, то в этот раз он четко отмечает то, что по-прежнему находится в центре внимания казахстанцев. Отвечая на вопрос о событиях января 2022 года, Касым-Жомарт Токаев подчеркивает: «Спустя три года после Қаңтара большинство наших граждан убедились в том, что главной причиной беспрецедентных беспорядков стала очевидная социальная несправедливость, политический застой, а также неуемные амбиции заговорщиков, их безразличие к судьбе народа и государства. Такие ситуации, к сожалению, обычны для мировой истории. И Казахстан здесь не первый и, думаю, не последний.

… Вокруг Қаңтара по-прежнему витают домыслы и разные версии произошедшего. Тем более, что некоторые ангажированные лица, вынашивающие определенные политические расчеты, жонглируют фактами, пытаются манипулировать эмоциями граждан».

Вот как сейчас оценивает те дни сам президент Токаев: «Благодаря единству нашего народа мы смогли пройти через это тяжелейшее испытание. Безусловно, Қаңтар научил всех нас многому.

Первое, власть в стране должна быть консолидированной, никакого двоевластия.

Второе, Глава государства – это нанятый на определенный срок государственный менеджер, а не «тень Всевышнего».

Третье, нужен тщательный отбор кандидатов на высокие государственные должности, включая руководителей силовых органов, они должны быть преданы Родине, Республике Казахстан.

И самое главное — нужно повсеместно внедрять принципы справедливости, как зеницу ока беречь единство народа на основе концепции «Закон и Порядок». «Те, кто против данной концепции, выступают за анархию в обществе во имя «демократических ценностей», по сути, хотят подорвать казахскую государственность. С этим мириться нельзя. Самая высокая степень демократии — это торжество закона. К этой цели пролегает тернистый путь».

Запомним: «Глава государства — это нанятый на определенный срок государственный менеджер, а не «тень Всевышнего». Если проанализировать все шаги действующего главы государства, то увидим, что он старается следовать собственным словам. Именно потому, что у него полномочия «на определенный срок», Касым-Жомарт Кемелевич сегодня, сейчас на своем посту старается сделать, чтобы у страны было будущее. И тогда становится понятным, почему так много внимания уделяется внешней политике: Казахстану требуются гарантии безопасности на будущее. Тот, кто критикует главу государства за то, что он якобы больше внимания уделяет внешнеполитической повестке в ущерб внутренним делам, плохо или совсем не разбирается в политике, и не понимает геополитическое расположение нашей страны.

УКРЕПИТЬ ЭКОНОМИКУ И СУВЕРЕНИТЕТ ГОСУДАРСТВА

«Моя главная цель – укрепить экономический потенциал, суверенитет и международные позиции нашего государства. С самого начала президентства и по сей день всю ответственность за принимаемые решения и их последствия беру на себя, по-другому работать не могу и не хочу— заявил Касым-Жомарт Токаев. Очевидно, что фраза «У меня большие планы по развитию страны на много лет вперед, которые я намерен реализовать» не просто слова, а то, с чем придется смириться тем, кто устраивал Кантар, кто пытается саботировать указания главы государства, кто не в ладах с законом.

Жизненный опыт показывает, что у большинства людей короткая память. Многие не помнят того, что происходило каких-то полтора-два года назад. Что уж тогда говорить о событиях четверть века назад? В ноябре 2001 года было объявлено о создании движения «Демократический выбор Казахстана» — ДВК. Сегодня можно вспомнить некоторые цитаты из публикаций того времени, например, из заявления, которое сделал премьер-министр Касым-Жомарт Токаев. Он говорил о беспримерном давлении на президента, правительства и парламент со стороны людей, называющих себя демократами. «Эти силы под видом заботы о демократии не жалеют сил и средств для шельмования нашего народа. В том числе они хотят сделать Казахстан податливым перед теми, кто рвется на наш нефтяной рынок», — отмечал глава правительства Касым-Жомарт Токаев. Спустя годы видим, что Токаев был прав, как и в другом утверждении: «Считаю, что это политика нажима на правительство, на законодательную власть и, возможно на президента, чтобы убрать неугодных им людей, противодействовать работе правоохранительных органов по проверке и выявлению фактов нарушения закона. Эти люди стремятся к новому переделу собственности. Они хотят бесконтрольно увеличивать собственные состояния».

«Демократия — это не игрушка в руках «киндер-сюрпризов» от политики». Очевидно, что те же самые люди, которые не могут простить, что их тогда отлучили от власти (читай — кормушки), пытаются и сегодня повлиять на общественные процессы, устроить раздрай в стране.

ПАРЛАМЕНТ БУДЕТ РАБОТАТЬ ДОЛГОСРОЧНО, А ПРАВИТЕЛЬСТВО?...

Бальзамом для депутатов стали слова президента страны о том, что досрочных выборов в парламент не случится: «На мой взгляд, предпосылок для досрочных парламентских выборов пока не существует. Выборы состоятся в предусмотренные законодательством сроки. Парламент сориентирован на долгосрочную работу».

Что же касается правительства, отставку которому предрекают в каждой подворотне с осени прошлого года, то здесь глава государства не исключает изменений в его составе.

В интервью много сказано было и об экономике, развитии казахского языка и других вопросах, интересующих граждан. Однако лично для меня ключевыми стали ответы президента страны об отношениях с Россией, строительстве АЭС и праздновании 80-летия Победы в Великой Отечественной войне.

Глава государства дал понять: твердая приверженность развитию стратегического партнерства и союзнических отношений с Россией — приоритет в отношениях двух стран. Кроме того, не исключено, что в строительстве АЭС будет участвовать и Россия как имеющая большой опыт в этой области.

Постоянная связь двух президентов «служит задаче обеспечения стабильности в Евразии, где обе страны играют ключевую роль». Безусловно, эти слова должны охладить «горячие головы» как в Казахстане, так и в России, которые спешат приклеить ярлыки, обвиняя друг друга в национализме и шовинизме.

Отрадно, что в интервью президент Токаев особо отметил предстоящее празднование Великой Победы. Напомню, что по числу Героев Советского Союза казахи вышли на шестое место среди всех представленных к этому высокому званию.

«План празднования юбилея Победы достаточно насыщенный. Центральным событием станет военный парад в Астане, — сказал президент Токаев. — Будем чествовать ветеранов и тружеников тыла, ни один из них не останется без внимания. Будут организованы концерты и выставки, сняты документальные фильмы и телепрограммы, изданы исторические книги и фотоальбомы, продолжится исследовательская работа по увековечению памяти наших воинов.

…Уверен, юбилейный День Победы по-особому отзовется в сердцах всех казахстанцев, ведь нет ни одной семьи, которую бы не затронули трагические события той войны. Наш общий долг – помнить имена павших, чтить героев, беречь мир и спокойствие на нашей земле».

Главный вывод из интервью: президент Токаев остается верен себе: движение вперед без перекосов. Девиз, выбранный много лет назад и ставший главным для всей его деятельности.

Жан АБИШЕВ
https://check-point.kz/

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДРАМАТУРГИЯ БАЛАЛАР ТАҚЫРЫБЫН НЕГЕ КӨТЕРМЕЙДІ?

БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАҚЫРЫБЫНА АЙНАЛҒАН МӘСЕЛЕНІҢ БІРІ – БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АУДИТОРИЯСЫНА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ «БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ» ІСПЕТТІ ҚҰЛДЫРАП БАРА ЖАТҚАНЫНДА. ТЕАТР САХНАЛАРЫНДА БАЛАЛАР ҚОЙЫЛЫМЫНЫҢ ҚЫЗЫҚСЫЗ БОЛУЫ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ПЬЕСАЛАРДЫҢ САНЫ АЗАЙҒАНЫ РЕЖИССЕРЛЕРДІ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚА ДА МАМАНДАРДЫ АЛАҢДАТАДЫ.

Газеттің өткен санында «Қазақ мультфильмдерінің» тұралауы мен сапасының сын көтермейтінін айтқан болатынбыз. Ал бұл номерде театрдағы балалар қойылымы мәселесін талқылауды жөн көрдік.

Қазақ балалар драматургиясының дамымай жүргені – балаларға арналған драмалардың аздығы. Балалар драматургиясы қазақ әдебиеттану ғылымында мүлде аз зерттелген, тіпті кенже қалған сала екені анық. Ең алдымен, балалар әдебиетіне көңіл бөліп, мәселеге мақала арнаған І. Жансүгіров болды. Осы орайда, балаларға арналған алғашқы пьесаның («Мектеп» пьесасы) авторы да І. Жансүгіров екенін еске алған орынды.

Балалар драматургиясы – өте маңызды, бірақ әлі толық дамымаған сала. Жас аудиторияға арнап жазылған пьесалар мен қойылымдар балалар дүниетанымын кеңейтуді, эмоциялық әлемін дамытуға арналған. Мұнда жасөспірімдерге ғана тән көркемдік тәсілдерді, эстетикалық ұғымдар мен тәрбие құралдарын пайдалана отырып, түрлі тақырыптарды ашады. Алайда, бүгінгі таңда балалар драматургиясының дамуына бірқатар кедергілер мен қиындықтар кездесуде. Театр – балалар үшін ерекше бір әлем, себебі театрлық қойылымдар арқылы олар өмірдің түрлі аспектілерін, мәдениеттерді, тарихи кезеңдерді, қоғамдағы қарым-қатынастарды түсінуге мүмкіндік алады.

Жақында ғана аталған тақырып аясында Талдықорған шаһарының Салтанат сарайында Қазақстан Республикасының театр директорлары бас қосқан кеңес өтті. Мұнда республиканың түрлі қалаларынан жиылған жетекші мамандар, сыншылар, сондай-ақ мәдениет пен өнер саласының өкілдері театр сахнасындағы өзекті проблемаларға тоқталып, оның шешілу жолдарын түрлі бағытта қарастырды.

М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрының директоры Еркін Тілеуқұлұлы, Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театрының директоры Сағынтай Сатыбалдыұлы, Ақмола облыстық орыс драма театрының директоры Бейбіт Салауатұлы, Астана музыкалық жас көрермен театрының директоры Асхат Маемеров, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі Анар Саимжанқызы, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі Жазира Ахметова, Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Рахметұлы, Б.Римова атындағы Талдықорған драма театрының директоры Ерлік Жуасбек және т.б. өнер майталмандары жүздескен жиында театр шаңырағындағы түрлі сауалдар айтылып, олардың шешімін қарастырды.

Балалар театрындағы өзекті мәселенің бірін Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі Анар Еркебай сөз етті. Ол бүлдіршіндерге арналған спектакльдердің дамуы үшін кәсіби драматургтер мен режиссерлердің тигізер ықпалы басым, алайда, бұл салада жоғары деңгейдегі мамандардың саны әлі де аз дегенді айтты.

– Қазақстанда балаларға арналған пьесаларды жазатын жазушылар мен драматургтердің тапшылығы айтарлықтай байқалады. Сонымен қатар, балалар театры мен драматургиясымен айналысатын мамандардың кәсіби біліктілігі көбінесе жетіспейді, бұл да саланың дамуына кері әсерін тигізеді.

Балалар театрының жанрлары мен шығармашылық әдіс-тәсілдері көп жағдайда дәстүрлі болып қалыптасқан. Театрда қойылатын пьесалар балаларға арналған халықаралық классикалық шығармалардан алынатын болса, жергілікті жазушылар мен драматургтердің жаңа идеялары мен шығармалары сирек ұсынылады. Осылайша, балалар қойылымдарында жаңашылдық пен шығармашылық еркіндік аз, - дейді А.Еркебай өз сөзінде.

Елімізде балалар мен жасөспірімдер тақырыбын қаузайтын жазушы мен драматург жоқ емес, бар. Бірақ саусақпен санарлық дейді театр сыншылары. Олардың еңбегі де арзан бағаланып отыр. Нәтижесінде бәсекелестік жоқ. Ал балалар жанына азық болып, бағыт бағдар беретін тақырып өте көп.

«Ғасыр өзгергенімен, техника өзгергенімен, балалар гаджеті өзгергенімен балалардың жан дүниесіндегі дүниеге деген көзқарас: өкініш, қуаныш, шаттану, ата-анадан мейірім күту. Осы бір тағылымға, танымға құралған дүниелер ешқашан өзгермейді», - деген Астана музыкалық жас көрермен театрының директоры Асхат Маемеров драматургтердің жоғарыда аталған сезімдеріне байланысты қалам тербесе, мектеп жасындағы көрермен жүрегіне жол табылады дегенді алға тартты.

Фольклорлық дәстүрлер мен ауыз әдебиеті үлгілерін заманауи пьесаларда қолданудың тапшылығы да бар екені баршаға мәлім. Қазақ жасөспірімдеріне көрсетілетін қойылым репертуарында көбінесе әлемдік классика мен қазіргі заманғы туындылар басым болып тұр. Ал ұлттық дәстүр мен фольклорға негізделген шығармалар жоқтың қасы. Мұны да үлкен кемшілік деуге болады.

Балалар драматургиясы қаншама жылдан бері шешімін таппай, оң өзгеріске бетбұра алмай жүрген проблемаға айналды. Қазір жаңа жылдық шыршаға жиылған балалардың өзге елдің мультфильмдеріндегі кейіпкерлер сияқты киінуіне көз жұма қарай алмаймыз. Айтылған бұл мәселенің де түйіні қазақ мультфильмдері мен қойылымдарының әлсіз тұсын айшықтап тұр. Бүлдіршін көрермендер әр жылы ұйымдастырылатын бірегей сюжетті көріністерден жалығады. Әр мезгілге көрерменді баурайтын жаңа пьесалар қажет. Ал бұл үшін драматургтердің қаламы мұқалмауы тиіс.

Шынтуайтына келгенде, балалар театры бүлдіршіндерге пайдалы болуы керек. Мәдениет ошағы болған театр балалардың қызығушылығын арттырып, қойылымдарға құлшыныспен баратын деңгейге жеткізу басты міндет. Көрініс тек арзан күлкі мен жалған әсерге бағытталмаса екен. Балалар театры сахнасындағы әр көрініс бүлдіршіндердің бой түзеуі мен жаман-жақсыны ажарата білуіне, келешекте жас буынның ойлана қадам жасауына бірден-бір әсер ететін факторға айналса ғой...

«Жастарды мазалайтын мәселелер де өте көп. Жаңа тақырыптар шығып жатыр. Буллинг тақырыбы, суицид тақырыбы, жаңағы сол нашақорлықтың түрі өзгеріп жатыр. Осының барлығы, әрине, театр арқылы балаға жету керек. Театр арқылы осындай нәрседен қашуды үйрету керекпіз», - деген Анар Саимжанқызы да театрдағы қойылымдар арқылы жаманнан жиреніп, жақсыны үйренуге болатынын айтты.

Жасөспірім көрерменге қызықты қойылым қажет. Балаларға арналған сапалы шығармаларды жазатын жаңа кезең орнату мәдениет майталмандарының қолында. Бүгінгінің драматургтері жақсы шығармалардың туындауына себепкер болса, 21 ғасырдағы балалар әдебиетіне жаңа жинақ қосуға мол мүмкіндік туары анық. Балалар драматургиясын дамытуды дәл осы сәттен қолға алу керек. Әйтпесе келешекте бұл мәселенің салдары ауыр болмақ. Театр басшыларының айтуынша көтерілетін тақырып та, оны көрерменге жеткізетін өнер ұжымдары да жетерлік. Тек ортада сапалы сценарий мен шынайы шығарма қажет.

Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының қаңтар айына арналған репертуарында «Смурфиктердің бастан кешкен оқиғасы» атты шоу ертегісі мен «Қырсық» атты 2 қойылым балалар назарына ұсынылған. Басқа да театр сахналарында мысалы, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының репертуарында Үш торай, Түймеқыз, Қар ханшайымы, Қаңбақ шал, Бауырсақ, Көңілді қонжықтар, Қызыл телпек және т.б. санаға жаттанды спектакльдер көрсетіледі. Мұның барлығын көрген, оқыған балалар қатарына жаңа қойылымдар қажет. Ал жоғарыда аталған ертегі желісімен сахналанған қойылымдар бүлдіршіндерге ерекше әсер мен көңіл күй сыйлайды дегенге сену қиын. Оның себебі, аталған ертегілермен қазіргі балалар ғана емес сіз бен біздің де балалық шағымыз өткенінде оқырман. Бүлдіршіндерге заман ағымына сай, қазіргі қоғамдағы қызықты жаңа туындылар ауадай қажет.

Өткізілген жиын барысында қазақстандық және шетелдік тәжірибені ескере отырып, театрлар үшін заманауи драматургияны бейімдеу жолдары талқыланды. Сонымен қатар, жас драматургтердің шығармашылығын қолдау бағдарламалары ұсынылып, олардың жұмыстары театр сахнасына шығару мәселесі қарастырылды. Өзге де тақырыптар талқыланып, шешімдер жасалды.

Театр басшаларының балалар драматургиясына көңіл бөлуі – құптарлық іс. Театр – өмір айнасы десек, жасөспірімдер төңіректе болып жатқан позитив пен негативті театр арқылы танып көрсе құбаңқып. Драматургтерден жақсы тақырыптарға арналған сценарийлер күтеміз.

Гүлнұр БАЙМҰХАН

ЖЕТІСУДЫҢ КЕРЕМЕТІ

ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС

Қыс – табиғаттың ерекше сыйы. Ақ ұлпа қар жамылған тау мен орман, таза ауа мен суық таңдар адамдарды өзіне баурап, ерекше сезімге бөлейді. Осындай мезгілде көпшілік демалысын қалай өткізу керегін ойланып, таңдау жасауға қиналуы мүмкін. Бірақ соңғы жылдары Қазақстанда қысқы демалыс орындары мен спорт түрлерінің қарқынды дамуы бұл мәселені жеңілдетуде. Әр өңірдің өз сұлулығы мен ерекшелігі бар. Ал Жетісу жері қысқы демалыс пен спортты ұнататындарға шексіз мүмкіндіктер ұсынады.

Жетісу өңірі қысқы туризмді дамытуда алдыңғы қатардан орын алып келеді. Табиғаттың ерекше сұлулығы мен таудың құшағында орналасқан кешендер демалушылардың көңілінен шығары анық. Мысалы, Ескелді ауданының Екпінді ауылындағы «Тау Жетісу» кешені шаңғы, сноуборд, баллонмен сырғанау, тіпті парапланмен ұшу сияқты қызмет түрлерін ұсынады. Демалушылар үшін арнайы монша, қонақ үй секілді қолайлы жағдайлар қарастырылған. Бұл кешеннің тағы бір артықшылығы – Текелі қаласынан небәрі 15 шақырым жерде орналасуы.

Текелі маңындағы Қора шатқалында орналасқан «Викинг» эко-кемпингі табиғатты сүйетіндерге таптырмас мүмкіндік. Ал экстремалды спорт әуесқойлары үшін «Текесу» кешенінде дайындалмаған тау жолдарында фрирайд-сноубордпен сырғанау ұсынылады. Бұл жерлер қыстың әр күнін ерекше әрі ұмытылмастай ете алады.

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында да қысқы спорт пен демалысқа арналған бірнеше нысан бар. «Жетісу Арена», «Ирбис мұз айдыны», «Адреналин мұз айдыны» – мұның барлығы тұрғындар мен қонақтардың сүйікті орындары. Бұл жерлерде сырғанақ тебуге, хоккей ойнауға немесе жай ғана мұзда көңілді уақыт өткізуге болады.

Өңірде қысқы спорт түрлерін дамытуға да ерекше көңіл бөлінген. 2024 жылдың басында Талдықорған қаласындағы «№1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде» карлинг, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау және шайбалы хоккей секциялары ашылған болатын. Мұндай бастамалар болашақ спортшыларды тәрбиелеп, өңірдің беделін арттыра түсетіні сөзсіз.

Қысқы спортты дәріптеу мақсатында түрлі іс-шаралар да жиі ұйымдастырылып тұрады. Мәселен, «Жетісу Арена» мұз айдынында жас спортшылардың қатысуымен жарыстар өткізіліп, 230-ға жуық жас дарын өз шеберлігін көрсетті. Ал 2025 жылдың 13-17 қаңтар аралығында Алматы қаласында мәнерлеп сырғанаудан халықаралық турнир өтсе, 24-25 қаңтар күндері Талдықорғанның «Жетісу Арена» мұз айдынында қалалық ашық біріншілік ұйымдастырылмақ.

Қысқы демалыс – тек сергу мен көңіл көтеру ғана емес, табиғатпен үндесу, сұлулықты сезіну. Қазақстанның қысқы туризмі осы мүмкіндіктерді ұсынып, әркімге өзіне ұнайтын демалыс түрін табуға жағдай жасап отыр. Жетісу өңірінде тау мен мұздың үйлесімі, жаңа әсер мен естеліктерге толы демалыс кез келген адамның жүрегінде ерекше із қалдырары анық.

Қазақстанның әр өңірінде қысқы демалысты ерекше өткізуге мүмкіндік мол. Жетісу жерінде тау шыңдарына шығып, шаңғы теуіп, мұз айдынында сырғанап, таза ауамен тыныстау арқылы тек денсаулықты жақсартып қоймай, жан дүниеңізге ләззат сыйлай аласыз. Еліміздің байлығын бағалап, қысқы демалысты ерекше өткізейік!

Зарина БЫЖЫБЕК

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ОБЛЫСТЫҢ КОЛЛЕДЖДЕРІНДЕ 14 ЖАҢА МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ОҚЫТАДЫ

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ» ТУРАЛЫ БАСТАМАНЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БЕКЕР КӨТЕРІП ОТЫРҒАН ЖОҚ. ӨЙТКЕНІ ЖАҢА ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПАЙДА БОЛҒАН ЖЕРДЕ ОНЫ ИГЕРЕТІН ЖАҢА МАМАНДАРДЫҢ БОЛУЫ ШАРТ. ЖЕТІЛДІРІЛГЕН МЕХАНИЗМДЕРДІ ИГЕРЕТІН КӘСІБИ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРЫ ҚАЖЕТ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР ПАЙДА БОЛЫП, ОҒАН ДЕГЕН СҰРАНЫС КӨБЕЮДЕ . ҚАЗІР ӨҢІРДЕ ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ «ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ» БЕКІТІЛДІ. ӨТКЕН ОҚУ ЖЫЛЫНДА ӨҢІРДІҢ 11 КОЛЛЕДЖІНДЕ 13 ЖАҢА МАМАНДЫҚ АШЫЛСА, БИЫЛ ТАҒЫ 14 МАМАНДЫҚ АШЫЛАДЫ.

- Облыс экономикасында басымдық берілетін 5 салаға талдау жүргізіліп, жаңадан пайда болған, өзгерген, жойылып бара жатқан және аса тапшы кәсіптер анықталды. Экономика салаларының басым бағыттарына білікті мамандарды даярлау үшін 2024-2025 оқу жылында облыста 240 білім беру бағдарламасы әзірленді. Биылғы оқу жылында өңірдің 11 колледжінде сұранысқа ие 14 жаңа мамандық ашылды. Гидротехникалық мелиорация, Автоматтандырылған өндіріс жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу, мехатроник, хаусшебер, техник-жобалаушы (сәулет), орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, жылыжай шаруашылығын ұйымдастыру т.б. кәсіп иелері. Өткен жылы материалдық-техникалық базаны нығайтуға жергілікті бюджеттен 475 млн. теңгеден астам қаржы бөлінгенін, ал биыл тағы 488 млн. теңге бөлінеді деп жоспарланып отыр, - деді облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменов.

Бұдан бөлек, облыстық білім басқармасының деректері бойынша, өңірдің кадрлық қажеттілігін қамтамасыз ету үшін 15 колледжде 80 кәсіпорынның өтінімдеріне сәйкес 25 мамандық бойынша 809 адамды нысаналы даярлау жүзеге асырылады. Бұл кәсіпорындар келісімшарт негізінде оқуды бітіргеннен кейін студенттерді міндетті түрде жұмысқа алады. Осы ретте өңірде 15 колледж дуальды оқытуды жүзеге асыруда.

Жетісу облысында жалпы саны 27 колледж жұмыс істейді, соның 21-і мемлекеттік, 6-ы жекеменшік. Оларда осы оқу жылында 13 901 адам білім алса, оның 10 155-і мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде, яғни тегін оқытылуда. Мемлекеттік тапсырыстың көп бөлігі техникалық мамандықтарға, яғни IT, құрылыс, инженерия, ауыл шаруашылығы және су шаруашылығына бағытталған. Жалпы оқу орындары ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету саласы, құрылыс, машина жасау, сондай-ақ техникалық, педагогикалық, заң, экономикалық, медициналық бағыттар бойынша 70 мамандық және 113 біліктілік бойынша кадрлар даярлайды.

Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі

ҮЙГЕ КӨГІЛДІР ГАЗ КЕЛДІ

ҮШТӨБЕ

Жылдап, айлап тағатсыздана күткен көгілдір отын да жыл соңында, жаңа жыл қарсаңында үйімізге кірді-ау. Сонау 1973 жылы Алматыдан жоғары оқу орнын бітіріп келіп, жер үйде тұрғандықтан 51 жыл бойы пеш жағып, от тұтатыппын. Оның машақатын бір адамдай көріппін. Көмір түсіру, қораға кіргізу, үйге тасу, тамызық дайындау, күнделікті пеш тазалау, күл шығарумен әуреге түсіппін. Көмір қораға кіргеннен шаң-тозаңның астында қалып, киім ауыстырып, қағынып-сілкінумен жүріппін. Енді, көмір тасып, күл шығару азабынан құтылғандаймын.

Сонысымен де көгілдір отынның келуі отбасымыз үшін маңызды болды. Оның үстіне газ құны көмірден төмендеу көрінеді.

Жалпы, ауданымыз бойынша көгілдір отын кезегінде тұрғандардың саны есепте бар болар. Сырт қарағанда, газ желісіне қосылу жұмыстары қарқынды жүріп жатқандай көрінеді маған. Шаңырағыма көгілдір отынды кіргізуге атсалысқан Бақыткерей, Әділет және Нұрсұлтан Молдахметов сынды азаматтарға ризашылығымды білдіремін, амандық тілеймін. Тұтынушы тарап, біздер, ендігі газ желісінің қауіпсіздігіне көңіл бөліп, абай болуымыз керек шығар.

Сөз соңында, айтпай кетпесем болмас - ол көше желісінен үйішіне газ тарту құнының қымбаттығы. Қарапайым халықтың оған шамасы келе бермейтіндігі. Газды үйге кіргізудегі асай-мүсейі бар, газ қазандығы бар, орнату жұмысы бар ең азы 650 мыңнан 800 мың теңгеге дейін, кейде одан да көп сома сұрайды орнатушылар.

Сондықтан бұрынғыша от жағып, қара отынның бағасы бүгінде апта сайын шарықтап, ауыздықтауға келмесе де пешпен отыра беруді жөн көретіндер қатары әлі де көп газ келсе де. Шындығында баға өсе берсе, көпшілік жұрт жуық арада көмірден қол үзбесі анық. Сол үшін де жоғары атқарушы билік - үкімет, өз отырысында баға мәселесін жан-жақты қарап, халық талабына сай реттеп, төлеу құнын арзандатып, қолжетімді етпесе, екінің бірі газ қызығын көре алмайды.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ,
Үштөбе қаласы

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ЗЕРТХАНАСЫНДА МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестер азаматтар мен заңды тұлғаларға жоғары білікті заң көмегіне деген қоғамның өсіп келе жатқан қажеттілігін анықтайды. Осыған байланысты арнайы білімді пайдаланудың ең білікті нысаны болып табылатын сот сараптамасына ерекше рөл беріледі. Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, ең алдымен, дәлелдемелерді қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Сот сараптамаларын жүргізу нәтижесінде алынған дәлелдемелік ақпарат істерді шешу кезінде тез және негізді шешім шығаруға мүмкіндік береді, мүліктік және мұрагерлік даулар туындаған кезде арнайы ғылыми білімдер негізінде нақты деректерді анықтау, тауарлардың құнын анықтау, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті бағалау, автокөлік құралын қалпына келтіру құнын анықтау арқылы дәлелдемелік ақпарат алудың нақты мүмкіндігі бар. Жол-көлік оқиғасы, мүлікті бөлу кезінде оның құнын бағалау және т. б.

Жазбаша өтініштер бойынша заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді алуға жәрдемдесу мақсатында «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жетісу облысы бойынша сот сараптамалары зертханасында» ғылыми құралдар мен әдістерді пайдалана отырып, мамандандырылған зерттеулер жүргізіледі.

Сот сараптамасы саласындағы қызметтерді алу үшін заңды және жеке тұлғалар қажетті зерттеулер жүргізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінеді, сараптамалық зерттеулер жүргізу және қорытынды беру үшін қажетті объектілер мен өзге де материалдарды ұсынады, осы қызметтерді ұсыну тәртібімен, құнымен, алу және төлеу шарттарымен, кейіннен және міндетті шарт жасасумен танысады.

Шартта көрсетілетін қызметтердің атауы мен көлемі, оларды алу шарттары мен мерзімдері, есеп айырысу тәртібі, тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, сондай-ақ «Сот сараптамалары орталығы» РМҚК ақылы қызметтер бағасының Прейскурантына сәйкес ақылы қызметтердің құны айқындалады. Көрсетілген мамандандырылған қызметтер үшін төлем Қолма-қол ақшасыз есеп айырысумен 100% алдын ала төлем нысанында жүргізіледі.

Мамандандырылған зерттеулерді тағайындау және жүргізу бойынша ақпарат алу үшін Талдықорған қаласы, Өтенай кенті, Жасұлан көшесі, 2 «б», тел/факс: 8 (7282) 41-04-21, e-mail: taldykorgan@cse.kz.

Г. Е. АМЕРСАНОВА,
Жетісу облысы бойынша сот Сараптамасы Зертханасының бас сарапшысы

Дүйсенбі - Понедельник, 20 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Алатау» редакциясының қатысынан емес.

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Фиш и чип. вредные друзья»
09.30 Сериал «лестница в небеса»
11.30 «Тамаша»
12.00 Нарезки. «cover show»
13.00, 22.45 Келінжан-3
14.00, 20.00 телехикая «Өмір ғажап»
16.00, 23.15 Сериал «Мажор-4»
18.00 «President»
18.30 Новости
19.00 «Әлеумет»
19.30 Жаңалықтар
21.45 Телехикая «дос пен дұшпан»

АСТАНА

телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Алатау» редакциясының қатысынан емес.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сіту»
07.00, 19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 Сериал «Сколько стоит счастье»
14.00, 01.05 «Новости»
14.15, 01.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.20 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал «Невскии»
00.10 ночной кинотеатр.
01.35»п@утИна»
02.45 «Ең алғышқы»

КТК

07.05 «Кел, шырқайық!» (қайталау)
08.05 «Қыл үстіндегі тағдыр-2», өзбек телехикаясы.
10.00 «Парад юмора»
11.50 «Маруся», мелодрама
15.40 «Поцелуй», мелодрама.
17.30 «Реальная мистика», реалити-шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Чужие грехи», мелодрама
23.40 «Напарники», остросюжетный детектив
01.40 «Поцелуй», мелодрама (повтор)
02.25 “Өткен күндер-1», өзбек телехикаясы.
05.20 «Астарлы ақиқат» (қайталау)
06.05 кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Ел іші - өнер кеніші»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Абадан»
11.00 «Шіркін-ай»
12.00 «Әсем әуен»
12.40 «Шашу»
13.30 «Туынды тарихы»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Бумеранг»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
07.30 «Tiktok show» ойын-сауық бағдарламасы
08.00 Мультсериал «буба»
09.00 Мультсериал «команда мстители»
09.30 «Құйынды мекен» телехикаясы.
11.00 Телесериал «Асау»
11.40 «Жездуха»
13.40 «13- район. кирпичные особняки» (повтор)
15.30 Кино
18.00 Кино. «Полицейская история-з»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Кино. жан-клод ван дамм в боевике «прикончи их всех»
23.00 телесериал «Асау»
23.40 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
01.00 реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
01.50 «Time vine» ойын-сауық бағдарламасы
02.30 «Tik tok show» ойын-сауық бағдарламасы
03.20 what's up? ойын-сауық бағдарламасы
04.00 «Өзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04.20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04.30 Телевикторина «bala batlle»
05.00 what's up? ойын-сауық бағдарламасы
05.20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Тақиясыз Періште»
07.00, 18.30 Телехикая «Сезім Үшін»
08.00, 17.00, 18.15 Телехи- Кая «Абысындар-2»
10.00, 19.50 Сериал «Великолепный Век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное Время»
12.40 Сериал «Садовое Кольцо»
14.30 Сериал «Кто Ты?»
15.20 Худ. Фильм «Один Дома-5»
18.00 Жаңалықтар. Тікелей Эфир
19.30 Новости. Прямой Эфир
22.30 Сериал «Верю Не Верю»
00.20 Жаңалықтар
00.35 Новости
00.55 Телехикая «Әкесінің Баласы»
01.55 «Жайдарман»
03.35 «Жеңіп Көр». Бағдарлама
04.45 «Құырдақ»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ДӘЛЕЛҺАИР» шаруа қожалығы жұртшылықты 2025 жылғы 27 қаңтар мен 31 қаңтардың аралығында «ДӘЛЕЛҺАИР» шаруа қожалығы үшін Жетісу облысы Көксу ауданы, Мұқры а/о-да «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді. Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°42'54,90» СШ, 77°15'55,55 ВД.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы - «ДӘЛЕЛҺАИР» шаруа қожалығы Талдықорған қаласы, Майстрюка көшесі, 31 үй. Тел. 8 705 247 2909, e-mail: aigulongarbekova39@gmail.ru.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail:7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26. LEB сайтына https://ecoportal.kz және бастамашының https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru сайтына сілтеме.

Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сайтында қабылданады. «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su_expertiza@mail.ru.

Сейсенбі - Вторник, 21 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Алатау» редакциясының қатысынан емес.

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «фиш и чип. вредные друзья
09.30 сериал «Лестница в небеса»
11.30 «Тамаша»
12.00 Нарезки. «cover show
13.00, 22.45 телехикая «Келінжан-3»
14.00, 20.00 телехикая «Өмір ғажап»
16.00, 23.15 сериал «Мажор-4»
18.00 «Народный контроль»
18.30 Новости
19.00 Ток шоу. «итоги»
19.30 Жаңалықтар
21.45 Телехикая «Дос пен дұшпан»

АСТАНА

телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Алатау» редакциясының қатысынан емес.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша Сіту»
07.00, 19.00 Koremiz-Шоу
08.00 «Қайырлы Таң. Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 Модный приговор
11.00 «Давай поженимся!
11.50 Сериал «Шулер»
13.00 «Пусть говорят»
14.00, 01.05 «Новости»
14.15, 01.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike
18.30, 02.20 Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости
20.35 Сериал «Невский»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2», өзбек телехикаясы.
09.10 Вечерние новости (повтор)
09.50 «Напарники», остросюжетный детектив (повтор)
11.50 «Цвет мести», мелодрама (повтор)
13.40 «Маруся», мелодрама
15.40 «поцелуй», мелодрама.
17.30 «Реальная мистика», реалити-шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Чужие грехи», мелодрама
23.40 «Напарники», остросюжетный детектив
01.40 «Поцелуй», мелодрама (повтор)
03.30 «Өткен күндер-1», өзбек телехикаясы.
05.20 «Астарлы ақиқат» (қайталау)
06.05 кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.15 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Қылмыс»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Сіз не істедіңіз?»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 қр әнұраны
06.00 «әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
06.30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07.00 информбюро (рус., каз.)
07.50 «tik tok show» ойын-сауық бағдарламасы
08.30 мультсериал «буба»
09.00 мультсериал «команда мстители»
09.30 «құйынды мекен» телехикаясы.
11.00 телесериал «асау»
11.40 «time vine» ойын-сауық бағдарламасы дарламасы
11.50 кино. «Полицейская история-3» (повтор)
13.50 кино. Джейми Фокс в боевике «джанго освобожденный» (повтор)
17.10 кино. «Однажды в Китае»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 кино. «Бладшот»
23.10 телесериал «Асау»
23.50 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
01.00 реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»-
01.50 «Time vine» ойын-сауық бағдарламасы
02.30 «Tik tok show» ойын-сауық бағдарламасы
03.20 «what's up?» ойын-сауық бағдарламасы
04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04.20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04.30 телевикторина «Bala batlle»
05.00 «what's up?»
05.20 «ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7 КАНАЛ

06.00.05.55 әнұран
06.02 телехикая «Тақияясыз періште»
07.00, 18.30 телехикая «Сезім үшін»
08.00, 17.00, 18.15 телехикая «Абысындар-2»
09.25, 00.20 Жаңалықтар
09.40, 00.35 Новости
10.00, 19.50 сериал Ввеликолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 сериал «Бесценное время»
12.40 телесериал
14.30 сериал «Кто ты?»
15.20 сериал «Исчезающие следы»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
22.30 сериал «Верю не верю»
00.55 Т/х «Әкесінің баласы»
01.55 «жайдарман»
03.35 «жеңіп көр».
04.45 «қуырдақ»

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Крестьянское хозяйство «ДӘЛЕЛҺАИР» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 27 января по 31 января 2025г. по разделу «Охраны окружающей среды» для крестьянского хозяйства «ДӘЛЕЛҺАИР» в Мукринском сельском округе Коксуского района области Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°42'54,90» СШ, 77°15'55,55 ВД.

Инициатор намечаемой деятельности - Крестьянское хозяйство «ДӘЛЕЛҺАИР»

г.Талдыкорган, ул.Майстрюка, дом 31. тел.: 8 705 247 2909,
e-mail: aigulongarbekova39@gmail.ru.

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел.8(7282) 32-92-67, 87771719039,e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26. Ссылка на сайт МИО https://ecoportal.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте: ecoportal.kz. в рубрике «Опубликованные слушания» и e-mail: 7su_expertiza@mail.ru

Сәрсенбі - Среда, 22 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Алатау» редакциясы-ның қатысынан емес.

ХАБАР

05.00, 01.00 қр әнұраны
05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 мультсериал «фиш и чип. вредные друзья»
09.30 сериал «Мама Лора»
11.30 «Тамаша»
12.00 «Cover show»
13.00, 22.45 телехикая «Келінжан-3»
14.00, 20.00 телехикая «Өмір ғажап»
16.00, 23.15 сериал «Акушерка»
18.00 «Көзқарас»
18.30 Новости
19.00 ток шоу «Талқы»
19.30 Жаңалықтар
21.45 телехикая «Дос пен дұшпан»

АСТАНА

телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Алатау» редакциясы-ның қатысынан емес.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сіту
07.00.19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.00 Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся
11.50 сериал «Шулер»
13.00 «Пусть говорят»
14.00, 01.05 «Новости»
14.15, 01.20 «Жаңалықтар
14.30 «qoslike»
18.30. 02.20 «басты жаңалықтар»
20.00 главные новости»
20.35 сериал «невскии»
00.10 ночной кинотеатр. «Серафима прекрасная»
01.35 Паутина
02.45 Ең алғышқы

КТК

07.05 кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2», өзбек телехикаясы. с субтитрами на русском языке
09.10 вечерние новости (повтор)
09.50 « Напарники», остросюжетный детектив (повтор)
11.50 «Цвет мести», мелодрама (повтор)
13.40 «Маруся», мелодрама
15.40 «поцелуй», мелодрама.
17.30 «Реальная мистика», реалити-шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток- шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Чужие грехи», мелодрама
23.40 «Таифун», остросюжетный детектив
01.40 «Поцелуй», мелодрама (повтор)
03.30 «Өткен күндер-1», өзбек телехикаясы. с субтитрами на русском языке
05.20 Астарлы ақиқат (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 К/ф «Ұстаз»
13.00 «19 регион»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Дала сыры»
14.30 «Сіз не істедіңіз?»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Маска»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 Қр Әнұраны
06.00 «Әзіл Студио»
06.30 «31 Әзіл»
07.00 Информбюро (Рус., Каз.)
07.50 «Tiktok Show»
08.30 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды Мекен» Телехикаясы.
11.00 Телесериал «Асау» Телесериал
11.40 «Time Vine» Ойын-Сауық Бағдарламасы
11.50 Кино. Джет Ли В Боевике В Боевике «Однажды В Китае» (Повтор)
14.40 Кино. Вин Дизель В Боевике «Бладшот» (Повтор)
16.50 Кино. Шах Рукх Кхан В Драме «Меня Зовут Кхан»
20.00 Информбюро (Рус., Каз.)
21.00 Кино. Крис Пратт В Фантастическом Триллере «Пассажиры»
23.10 Телесериал «Асау»
23.50 «31 Өзіл» Ойын-Сауық Бағдарламасы
01.00 реалити-шоу «келіндер бәйгесі»
01.50 «time vine» ойын-сауық бағдарламасы
02.30 «tik tok show» ойын-сауық бағдарламасы
03.20 «what's up?» ойын-сауық бағдарламасы
04.00 «әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04.20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04.30 Телевикторина «bala batlle»
05.00 «what's up?» ойын-сауық бағдарламасы
05.20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7 КАНАЛ

06.00, 05.45 әнұран
06.02 телехикая «Тақиясыз Періште»
07.00, 18.30 телехикая «сезім үшін»
08.00, 17.00, 18.15 телехикая «Абысындар-2»
09.25.00.20 Жаңалықтар
09.40, 00.35 новости
10.00, 19.50 сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 сериал «Бесценное время»
12.40 телесериал
14.50 сериал «Исчезающие следы»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
22.30 сериал «Верю не верю»
00.55 телехикая «Әкесінің баласы»
01.55 «жайдарман»
03.15 «Жеңіп көр». бағдарлама
04.35 «қуырдақ»
05.50 үзіліс

Считать недействительным утерянный бланк ИБР въезд-выезд КНР «Д» №0001836 ИП «Илиев Р» ИИН 891002301233

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САПАСЫЗ АУДАРМАНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛДІ ОҚЫРМАНДАРҒА КЕРІ ӘСЕРІ

Бүгінгі таңда шетел әдебиетінің қазақ тіліне аударылуы – ұлттық мәдениетімізді байытып, оқырмандардың рухани көкжиегін кеңейтудің маңызды қадамы. Алайда сапасыз аудармалар бұл үдерістің тиімділігін төмендетіп, оқырманға кері әсерін тигізуде.

Осы орайда оқып, талданып, негізінде ғылыми жоба жазылған бір кітаптағы қателер туралы айтсам:

1. Көптік жалғауы орынды-орынсыз жалғана беретін тұстар өте көп;

2. Сөзбе сөз аудару барысында барысында синонимдердің стильдік реңтері ескерілмеген. Мысалы: «Бұл кітап балалардың ең басты оқытушылары бүкіл әлемдегі ата - аналарға арналады» деген сөйлемде мұғалім, оқытушы, ұстаз деген синонимдік қатардан «ұстазы» деген нұсқа дұрыс болар еді;

3. Кітапта тіліміздегі шілікшылық жұрнақтары арқылы қазақ тілінде мүлде кездеспейтін жаңа сөздер көп кездеседі. Келтірілген мысалдардан бұл жұрнақтың орынсыз қолданылғанына, ол орынсыз қолданылудың кітапты түсінуге тікелей кедергі болғандығын байқаймыз. «Шешімдер қабылдаушылықтары» болып табылады;

4. Тәуелдік жалғауының да дұрыс қолданылмауына мысалдар көп кездеседі;

5. Ең көп кездескен қате-сөйлем құрылымының дұрыс болмауы;

Кітаптағы көп қатенің бірі - да, де, та, те шылауларының емлесі;

6. Үтірдің шамадан тыс қойыла беруі;

7. Басқа тілден қазақшаға аударғанда, құрмалас сөйлемдердің құрылысы сақталмай, сөйлемдер арасындағы мағыналық қатынас та дұрыс болмай, сөйлемдер мүлде басқа мағынаға ие болып кеткен;

8. Аударма жасаудағы ең көп кездесетін қателердің бірі - фразеологизмдердің дұрыс аударылмауы. Мысалы: Ол оқудан шаршаған, бұның барлығы оны «тойдырған сияқты» - «сыт по горло» - деген орыс тіліндегі идиома осылай аударылған.

Сонымен қатар осы кітаптан жинақталған төмендегі калька аудармаларды ұсынуды жөн көрдім:





1. «Болып табылады». Орысша «является» деген сөзінің тікелей аударма сы.

Мәселен, «Бұл ең керекті сабақтардың бірі болып табылады».

Ал, негізінде, ол «Бұл - ең керекті сабақтың бірі» деп қана жазылуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, кез келген жағдайда «болып табылады» тіркесінің қызметін сызықша атқаруға тиісті.

«Жұмыс жасады «жасау» сөзі қолдан жасалатын немесе құрастырылатын заттарға байланысты қолданылады. Мысалы: құмыра жасау, есік жасау, т.б. Ал жұмыс жасалмайды, істеледі. Демек, дұрысы «жұмыс істеу» болуы керек.

«Тәуекелге бару». «Идти на риск» деген сөздің калькасы. Қазақ тілінде «тәуекел ету» деп айтқан жөн. «Өз кезегінде». Орыс тіліндегі «в свою очередь» деген тіркесінің көшірмесі. Бұл қыстырманың ешқандай атқарар қызметі жоқ.

Мысалы: «Өз кезегінде, ол көп жұмыс істеді» деген сөйлемнен калька қыстырманы алып тастап «Ол көп жұмыс істеді» дегеннен мағына өзгермейді.

«Орын алды». «Имел место» деген сөздің аудармасы. «Шынтуайтында, оқиға, іс-шара орын алмайды, болады, өтеді. Орынды жарысқа, байқауға қатысушылар ғана алады. Мысалы: «Өрт орын алды» емес, «өрт болды». «Қатысуымен» және «бойынша». Осы екі сөз орынсыз, ретсіз қолданыла берген.

2. Орыс тіліндегі сөйлемде «с участием» деген сөз бар болса, оны үнемі қалдырмай қолдану міндетті емес.

Сапасыз аударылған кітап оқырманға түпнұсқа шығарманың мазмұнын түсінуге мүмкіндік бермейді. Мәтіндегі мағыналық қателер, грамматикалық ауытқулар және стильдік бұзылулар оқырманды шатастырады. Сапасыз аударма тек оқырманға емес, қазақ тілінің өзіне де зиянын тигізеді. Қате аударылған шығармалар қазақ тілінің байлығын көрсетудің орнына, тілді шұбарлап, оқырманға қате тілдік үлгілерді ұсынады. Мұндай мәтіндер оқырманды қазақ тілінің табиғи сұлулығынан алыстатып, дұрыс тілдік нормаларды қабылдауына кедергі келтіреді.

Сапасыз аударма қазақ тілді оқырман мен әлем әдебиеті арасында алшақтық туғызады. Егер белгілі бір кітаптың аудармасы сапасыз болса, оқырман түпнұсқаның қадір-қасиетін түсінбей, оны оқудан бас тартуы мүмкін. Бұл шетел әдебиеті мен қазақ оқырмандары арасында мәдени байланыстың үзілуіне әкеледі. Сол себепті кәсіби аудармашыларды дайындау керек деп ойлаймын.

Аудармашылар қазақ тілінің ерекшеліктерін және шетел әдебиетін терең түсіне алуы керек. Жалпы аударма сапасын тексеру жүйесі енгізілсе жақсы болар еді. Әрбір аударылған кітапты көпшілікке ұсынбас бұрын, оны бірнеше деңгейде редакциядан өткізу керек. Бұл үдеріс мағыналық, грамматикалық және стильдік қателерді жоюға көмектеседі. Аударма сапасын арттыру – ұлттық мәдениетімізді дамыту мен қазақ тілді оқырмандардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандырудың маңызды шарты.

А.АРГЫНБАЕВА,
Жетісу облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Сарқан аудандық филиалы оқытушы

ЗАҢ ТЕКСТЕРІНДЕ ДЕ ҚАТЕ БАР. КІМ ЖАУАПТЫ?

Жыл ішінде атқарылған қызметтері сараланған Жетісу облысының шекарашылары арасында «Үздік шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы» номинациясында Нұржан Серікұлы Керченов басқаратын «Нұр жолы» шекара сақшылары мен «Ынталы» шекара бөлімшесінің бастығы Бағлан Сейітжанов 2024 жылдың қорытындысында жауынгерлік қызметтің жоғары нәтижесін көрсетті.

Заңдардың сапасыз аудармасында тексті тәржімалаған аудармашыны кіналап жатамыз. Алайда, Қаз МУ-дың оқытушысы Кенжетай Құрманбайұлының айтуынша, заң түсінікті болу үшін жай аудармашы болу жеткіліксіз. Заңды әзірлейтін, қабылдайтын адамдардың өзі қазақ тілінің табиғатын, терминдерін жетік білуі тиіс. Ондай мамандар өте аз.

Мемлекеттік тілді дамыту институтының жетекшісі, лингвист Бижомарт Қапалбек те заң тілінің түсініксіздігі аударма сапасының нашарлығына байланысты екенін растайды. Бірақ оның пікірінше, мәселені тілдің табиғатына жаба салуға да болмайды. Өйткені қазір екінің бірі аудармашы бола береді, аударманың да техникасы бар екені, мамандану керек екені ескерілмейді.

– Көркем аударма, ауызекі тіл аудармасы, іс қағаздарының, заңдардың аудармасы, ғылыми аудармалар, публицистикалық аудармалар бізде жаңадан пайда болған сала емес. Мысалы, совет кезінде ғылыми стильді аудару жақсы жолға қойылды. Қазақ тілі мен әдебиетінен басқа оқулықтардың барлығы Мәскеуде жазылып, қазақшаға аударылды. Тілінің жаттықтығы соншалық аударма екені білінбейтін. Аудармашылар мәтінді өзіне сіңіріп, сөзді емес ойды, ұғымды аударатын. Ол кезде аударма институттары, аудармашы дайындайтын факультеттер жұмыс істеді. Қазір ақша болса, аударма бюросын құрады да, болмаса жаба салады, – дейді ол.

Бижомарт ҚАПАЛБЕК, Мемлекеттік тілді дамыту институтының жетекшісі, лингвист

Telegram желісіндегі «Калькасыз қазақ тілі» каналының авторы, филолог Назгүл Қожабек те аудармашылардың біліктілігіне күмән келтіреді. – «Действующий на основании устава» деген тіркес бар ғой. Соны, мысалы, «жарғы негізінде қызмет ететін» деп аударған. Неге ол «жарғыға сүйеніп қызмет ететін» емес? Директор жарғыдағы қызметіне сүйеніп әрекет етпей ме?! Бір ғана «құпиялық» сөзін дұрыс жаза алмайды, «құпиялылық» деп жіберген. «Три четверти» деген тіркес бар. Қазақ тілін білетін адам болса, оны «төрттен үш» деп емес, «үш ширек» деп аударар еді, – Қожабек. Маманның сөзінше, аударма ісінде терминология жасақтау мәселесі де бар.

– Қазақ тіліндегі құқық терминдері орнықпаған. Заң саласының сөздері онсыз да ұзын болып келеді. Оған қазақ тіліндегі «-тылық», «-тілік», «-шылық», «-шілік» (мысалы, конституцияда «иемденіп кету» деген тіркес «иемденіп кетушілік» деп жазылған) жұрнақтары қосылады. Оған тағы жұрнақ жалғап, ақыр соңында сөздің өзі шұбалаңқы болып кетеді, – дейді ол.

Жалғасы бар

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰСТАЗ - ҰЛЫ ТҰЛҒА

Ұлағатты ұстаз болу қарапайым қызмет емес. Ол жүрекпен, барын салып шәкірт тәрбиелейтін үлкен абыройлы жұмыс. Аталған мамандық иелері білгенін үйретумен ғана шектелмей, білімгерін үлкен өмірге, арманға жетелеп, қиындықтарды жеңуге қанаттандырады. Ұстаз қоғамда құрметті тұлға болудың мәнін, адалдық пен еңбекқорлықтың, ізгілік пен шынайылықтың маңызын дәріптейтін үлгі тұтар жан. Оның шәкірт өмірі мен тағдырында тигізер әсері басым.

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ, СТАМЫ ЖАҚСЫ

Журналистика қызығы мен қатері қатар жүретін ерекше мамандық. Ол қоғамның айнасы. Ал журналистер ақпараттық кеңістікті қалыптастырушы негізгі тұлға. Бүгінгі мақаламызды мерейлі 60 жасқа толған журналистика мамандығының оқытушысы, тәжірибелі педагог және білікті маман Филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Рамазанның өнегелі өмірі мен қызметіне арнамақпыз.

Айгүл Рамазан бұрынғы Абай ауданы, қазіргі Семей қаласына қарасты Таңат ауылының тумасы. Аталған шағын ауылдан жазушы, алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай, ақын, ғалым Бауыржан Жақып, Төлеужан Ысмайылов, жазушы, драматург Думан Рамазан сынды атағы Қазақ даласына жайылған азаматтар шыққан. Үш ғылым докторы, он шақты ғылым кандидаттары, он бестей журналист шыққан ерекше мекенде дүние есігін ашқан мақала кейіпкерінің бойына да туған жер топырағынан ерекшелік дарыған болса керек.

Айгүл Әмірғалиқызы тек ұстаздық етіп қала шетелмей, ғылымға да айтарлықтай пайда әкелген. Оның «Әлем баспасөзі тарихынан», «Шетел журналистикасының тарихы» атты оқу құралдары бар. 2018 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Қазақ баспасөзі және Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу, даму жолдары» атты монографиясы жарық көрді. Кейіпкер есімі «Шығыс Қазақстан жұлдыздары» және «Қазақ әдебиеттанушылары» атты энциклопедиялық анықтамалықтарға енген. Сондай-ақ, 100 шақты ғылыми мақаланың, бірнеше типтік бағдарламаның авторы. Қажымай еткен еңбегінің жемісі ретінде 2001 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы Жоғарғы Аттестациялық комиссияның шешімімен доцент лауазымын алған. Докторлық диссертациясын «Қазақ баспасөзі және Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта жазып, қорғады.

Айгүл Рамазан болашақ журналистерді дайындап, ұстаздық жолын 1995-2006 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика тарихы кафедрасында аға оқытушы, доцент болып қызмет еткен жылдарында қалыптастырған. Ал, 2011-2016 жылдары Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің «Журналистика және саясаттану» факультетінің және Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің «Журналистика және практикалық қазақ тілі» кафедрасының профессоры болған. 2016 жылдан бүгінге дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде профессор, кафедра меңгерушісі болып, шәкірт тәрбиелеуде.

Құрметті ұстаз, сіздің өміріңіз бен еңбек жолыңыз жастарға сапалы білім берумен ғана емес, сонымен қатар болашақ журналистердің ой-өрісін кеңейту, олардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру бағытында да ерекше рөл атқарды. Алғаш білім берген шәкірттеріңізден бастап бүгінге дейінгі студенттеріңіз журналистік шеберлігін арттырып, қоғамға пайдалы ақпаратты сауатты түрде жеткізе білуге машықтанған.

60 жылдық мерейтой әрбір адам үшін үлкен кезең. Өнеге тұтар өміріңізде салған сара жолдың әрбір қадамы келешекте терең із қалдырып, кейінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Аталған жолда көптеген түлектерді тәрбиелеп, олардың жоғары деңгейдегі журналист болып қалыптасуына ықпал еттіңіз. Алдыңызға журналист боламын деп құлшынып келген әр жастың жанарынан жалын көріп, қаламы қарымды, елге әйгілі журналистердің шығуына себепші болдыңыз. 30 жылдан артық еткен сүбелі еңбегіңіз бен білім жолындағы адал қызметіңіз түрлі марапаттармен ақталды. Қажырлы еңбегіңіз тек бір саланың емес, тұтас қоғамның дамуына әсер етуде. Журналистика саласына қосқан үлесіңіз ерекше бағаланып, шәкірттеріңіздің арасында әрқашан құрметке бөленіп жүресіз.

Айгүл Әмірғалиқызы – 60 жылдық мерейтойыңыз үлкен жетістіктер мен ғибратты өмір жолыңыздың нышаны. Сізге ұзақ өмір, денсаулық, шығармашылық табыс және көптеген жаңа жетістіктер тілейміз! Сіздей мұғалімнің шәкірттері әрдайым журналистика атты дәрежелі мамандықтың даңқын көтеріп, өз елі мен жерінің шынайы патриоттары болатыны сөзсіз. Мерейтойыңыз құтты болсын!

Бибігүл ЖҰМАШҚЫЗЫ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Журналистика кафедрасының меңгерушісі

ӘҢГІМЕ

ҚЫЗҒАНЫШ ПЕН ЖАҚСЫ КӨРУ...

Олар бір-бірін өте жақсы көретін. Жақсы көрудің бір жағында қызғаныш жүретін. Екеуі де қатты қызғаншақ болды. Бірін - бірі қызғанғанда ұрыс-керіске дейін ұласатын кездер жиі болатын. Бірақ ашулары тез басылып, тез татуласып, аймаласып кететін. Сондай сәттердің талай куәсі де болдық. Құрбым күйеуінің бір қызғанышын әңгімелеп берген еді...

Күйеуі заводта түнгі сағат 12-де басталатын ауысымдағы жұмысқа кетіп, таңертең оралатын. Ол кез тыныш заман. Үйде өзінен басқа орта бөлмеде жататын қайнысы бар.Өздерінің төсектері төр бөлмеде. Қайнысының ұйқысы қатты болатын. Сондықтан таң атқанда келетін күйеуіне есікті өзі ашушы еді.

Сол күндердің бірінде таң ата есік қағылған соң ұшып тұрып, сұрамастан есікті аша салып,төсегіне келіп жата қалады. Таңғы ұйқы деген қандай тәтті. Ұйықтап бара жатсам – дейді құрбым, күйеуім әлі жататын түрі жоқ. Төсектің яқ жағында пысылдап тұр. Бірдеңе деп міңгір-міңгір етеді.

- Әй жатпайсың ба, ішіп алғансың ба? - деп басымды көтерсем, күйеуім сияқты дәу, еңселі біреу төсектің аяқ жағында тұр теңселіп. Таң ала кеуім болып қалған кез. Анықтап қарасам - үйдің жанындағы шешен көршіміз. Мас. Ойбай! – деп, кет! – деп, қайнымды шақырып, бақырып жатқанымда күйеуім келді жұмыстан. Әлгі шешен шалбарын шешіп үлгеріпті . Ал басталды айғай. ..Күйеуім мен қайным әлгі дәу шешенді үйден зорға шығарып үйіне апарып тастапты. Кейін ол күйеуімнен кешірім сұрап келді. Ал біз болсақ күйеуіммен біраз араздасып жүрдік.

«Есікті ашқанда бетіне неге қарамайсың кісінің – деп, мені кіналаудан танбады күйеуім – дейді құрбым. Сөйтіп жазықсыз күнәлі болып жүрдім. Күйеуімнен өшімді қалай алсам екен ? – деп амал іздедім дей келе, ол тағы бір күлкілі жағдайды баяндады.

...Қызғаншақ күйеуім түскі астан кейін ұйықтайтын әдетіне басып қорылдап ұйықтап жатқанда ауызғы бөлмеге шықтым да сыртқы есікті қатты жұлқып ашып-жауып, екі адам есікте таласып тұрғандай болсын - деп сөйлей бастадым:

- Қой, сен енді келме маған. Менің күйеуім бар қазір. Өткендегіні ұмыт, өтті-кетті – деген сияқты бірдеңелерді айтам да, есікті жұлқып-жұлқып қоям. Сөйтем де іле-шала – Тууу, қоймадың ғой тегі, ал кір. Не айтасың тез айт та кетіп қал. Күйеуім үйде, ұйықтап жатқанмен тұратын уақыты болды. Көрсе – біттік екеуміз де. Қай жерде кездейік, соны айт та, тез кетіп қал! – деп қоямын...

Ендігі қызықты күйеуі былай айтады.

-Ұйықтап жатыр едім, сыртқы есіктің жұлқылағанынан оянып кеттім. Әйелімнің дауысы естіледі, біреуге «келме-келме» - деп жатыр екен. Содан төсектен тұрып, ішкі бөлменің есігінен тың тыңдадым. Әлгі айтылғанның бәрін естідім. Жігітіне «ал кірші үйге» дегенде екеуінің үстінен түсіп, быт-шыттарын шығарайын – деп, ауызғы бөлменің есігін ашсам, әйелім жалғыз өзі кішкентай орындықтың үстінде отырып ап «кездесетін жерді айт та кетіп қал – деп отыр өзімен өзі сөйлеп, ыржиып күліп қояды... жынды адамша. Білдім, түсіндім маған 1:1 жасап отырғанын – дейді ғой күйеуі әңгімесін бізге айтып. Әбден күлдік.

Міне, осындай да махаббат болады. Олар ажырасқан жоқ. Махаббаттары берік болды. Ұзақ жыл бірге өмір сүрді. Бірақ өмір заңы солай. Біреу ерте, біреу кеш дегендей, Жаратушы берген уақыттың да бітер кезі келеді екен. Мәңгілік мекенге ері бірінші аттанды. Артында қалған құрбым болса сол бір жастық шағын сағына еске алып, ұлы екеуі келмеске кеткен отағасына құран бағыштап отырады.

Еңлік Бұралқиева

МАХАББАТ ТУРАЛЫ ӨНЕГЕЛІ ӘҢГІМЕ

Әкем он жетісінде жәрмеңкеге барып, бір қызды көріп қалады. Көк көйлек киіп, шашына көк бау таққан он төрт жастағы бойжеткен. Көрген бетте ғашық болады. Бойжеткен он сегізге толғанша күтеді. Сосын анамды айттырып барып, келісімін алады, той жасайды. Әкем анамды керемет жақсы көретін...

Әке-шешем кедей малшылар еді. Анам сиыр сауатын, үйдің бар тірлігін істейтін, бірақ олар тату-тәтті ғұмыр кешті, әр күніне тәубе дейтін. Өлеөлгенше ұстасқан қолдары айырылмады. Олардың бір-бірін жақсы көруі сондай шынайы болатын. Қарасаң, көз тоймайтын мейірім мен шаттыққа бататын да кететінсің. Мен кейбір өнегелі отбасыларда кім шай қояды деп дауласатынды көргем. Біздің үйде үнемі "мен қояйын" деп дауласатын. Әкем де, шешем де "мен істей салайынды" айтатын. Өмірлік серігің сенен артық жауапкершілік алайын деген сайын адам одан да көп жауапкершілік алғысы кеп тұрады екен…

Әке-шешемнің арасында мен бақылап анықтаған ерекше механизм бар. Серігің сенен гөрі аз жауапкершілік алған сайын сен де аздан алуға дағдыланасың. Және керісінше... Кері байланыс бар. Ата-анам үй тірлігіндегі әр істі бір-бірінің қолынан жұлып ап кететін. Мейлі қиын іс, шешілмейтін түйін болса да... Екеуі бір-біріне қызмет еткісі келе беретін. Әкем таңертең тұрып қырынғанда ән салатын. Анам оған: "Ән салма, ойын бөлінеді ғой!" дейтін. Ол кезде анам мектепке дейінгі білім беретін мекемеде жұмыс істейтін, таң атпай тұрып есеп жазып отырушы еді.

Ал әкем оған: "Мақұл, салмадық, ал, бір күні ән салғаны жақсы еді, ән салса ғой деп армандарсың" дейтін. "Ән салса ғой деп армандарсың" дегені көңіліме жазылып қапты. Қызық, неге дәл осы сәт есімде қалды екен? Олардың некесі өте бақытты әрі көңілді болды. Екеуінің тілегі мен ниеті бір еді. Дәл осындай некені ешкімнен кездестірмедім. Парасатты, терең болып шектелмей, әр сәт сайын көңілді, күн сайын көз қуантатын некені таба алмадым. Әр таңымыз әкемнің дұғасынан басталатын. Ол күн сайын Құдайға осындай керемет адал жарға жолықтырғанына, ғажап махаббат пен осындай сиқырлы сыйластықты бергеніне разылығын білдіретін. Біздер, балалары, осынау мөлдір махаббаттың, сыйластықтың аясында өстік.



- Қазір анаң қайда? - деп сұрадым шыдамай.

- Анам он жыл бұрын қайтыс болды.

- Құдайым-ай, әкең қайтті?

- Әкем тірі.

- Анаңнан айырылып, күйзелген шығар?

- Жоқ. Ол күн сайын айырылысудың ауыр салмағы анама емес, өзіне түскені үшін алғыс айтады...

Лилианна Лунгина.
Аударған Шынар Әбілда

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІН ЖАПТЫ МА?

ӘЛДЕКІМДЕР АШЫҚ АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНЕ, «ФЕЙСБУККҚА» «ҚОНАЕВ 700 ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІН ЖАПТЫ» ДЕГЕН АҚПАРАТТЫ ҮНЕМІ САЛЫП ОТЫРАДЫ. БІРАҚ БҰЛ ЦИФРДЫ ҚАЙДАН АЛҒАНЫН, ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАРҒА СҮЙЕНГЕНІН КӨРСЕТПЕЙДІ. «ТИСЕ - ТЕРЕККЕ, ТИМЕСЕ - БҰТАҚҚА» ДЕП СОҒА САЛАДЫ. ОЛАЙ БОЛСА, ОСЫ АҚПАРАТТЫ САРАПТАП КӨРЕЙІКШІ.

Дінмұхамед Қонаев Қазақстандағы билік басына 1960 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы болып сайланды. Бірақ әпербақан, Қазақстанды шашып тастамақ болған Н. Хрущевпен сиыса алмай қызметінен кетті. Араға екі жыл салып, Хрущев қуылған соң, қайта оралды. Бұл қандай кезең еді?

Дімекең билікке келгенге дейін 1954 жылдан бастап, СССР-де, Қазақстанда 20-30 үйлік, бес өгіз, бір соқасы бар мойынсеріктерді бір орталыққа көшіріп, ірілендіру, сол кездегі озық техникамен жабдықталған колхоз, совхоздарға біріктіру науқаны басталып кеткен еді. Мысалы, Екпінді ауылына Бірлестік, Қоянкөз, Қарлығаш, Фурманов, Бостандық, Киров, Шілікті мойынсеріктері қосылып, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы құрылды. Қоянкөз, Бостандық, Киров, Қарлығаш, Бірлестік, Шіліктіде төрт жылдық қазақ мектептері болыпты. Бұларда бар болса, түске дейін 1 және 2-кластың бірер баласына, түстен кейін 2 және 4-кластың бірер баласына, өзінде де төрт кластық қана білім бар бір ғана мұғалім бір бөлмелі тоқал тамда сабақ беріпті. Осы ауылдар мен мектептер түгел жабылып, жұрты Екпіндіге, Фурмановқа көшірілді. Осыларды жабылған мектеп деп атау қалай болар екен?

Сол тұста менің ауданымда 8 ірі шаруашылық құрылыпты. Енді қанша мектеп жабылғанын есептей беріңіз. 700 деген жай сөз. Әлдеқайда көп.

Бірақ оқушы балаларға өте қолайлы жағдай жасалды. Бірде - бір бала оқусыз қалмады. Жабылған ауылдағы балалар бұрын 4 - кластан соң не оқуды біржола ұмытатын, не тума - туыс жағалап, интернат қуалап кететін. Енді, көшіп барған ауылдағы 8 жылдық мектептерде немесе Екпіндідегі 10 жылдық орта мектептерде ата - анасымен бірге тұрып оқитын болды. Жоғары білімді маман ұстаздардан білім алды. Мұның несі жаман? Керісінше, өте дұрыс шешім қабылданған. Білім сапасы артты, оқушыға қолайлы жағдай жасалды.

Қайталап айтамын: мойынсеріктерді біріктіру, тың игерумен қатар Д. Қонаев билік басына келгеннен 8 жыл бұрын басталып, қарқынды жүргізіліп жатқан. Дімекең не істесе де, Мәскеудің бұйрығын тоқтата алмас еді. Тоқтатып та керегі жоқ екенін түсінген боларсыздар.

1954-1960 жылдары Қазақстанды 5 адам басқарды.

Айта кетер бір жағдай бар. Мұны Дімекеңе жаны қастар біле ме екен? Москваның қатаң бақылауымен тың игеру қолға алынған 1954 жылдан 1960 жылға дейін Қазақстанды бес бірдей бірінші хатшы басқарды. Олар: Ж. Шаяхметов, П. Пономаренко, И. Яковлев, Л. Брежнев. Көрсең, осылардан көрмейсің бе? 1960 жылы Д. Қонаев келіп, 1962 жылы жындысүрей Н. Хрущевке жақпай қызметтен кетті. Мүмкін сәйкестік шығар 1963 - 1964 жылдары тың игеру қайта жанданды. Бұл кезде Қазақстанды Хрущевтің сүйікімдісі И. Юсупов басқарды. Қонаевтың қандай кінасын көріп отырсыздар?

Айтқандайын, КПСС ОК «Совхоздар мен колхоздарды ірілендіріу және Тың игеру толығымен аяқталып, партияның бұл жоспары толығымен нәтижелі орындалды» деген Қаулыны 1961 жылы қабылдады. Демек, Ірлендіру мен Тың игеру басталғанда Д. Қонаев билікте жоқ. Сұрасаңыздар мектептерді жабу мен Тың игеруді бастап берген Шаяхметов пен Понамаренкодан, жалғастырған Яковлев пен Брежневтен сұраңыздар. Қонаевтың еш қатысы жоқ.

Көпшілік ескермейтін аса күрделі бір жағдайлар бар. Д. Қонаев билікке келердің алдындағы 1959 жылғы халық санағында Қазақстанда 9 309 847 адам болыпты. Мұның 2 784 966 қазақ, бұл барлық қазақстандықтың 29 пайыздайы ғана. Орыстың саны 3 974 221, халықтың 43 проценттейі, қалғаны өзге жұрт. Осындай жағдайда қала халқының неге 20 пайызы ғана қазақ болғанының себебін ұққан шығарсыз. «Алматыда қазақ неге аз?» демес бұрын тарихыңа үңілу керек. Қазақ ежелден қаланы жерсінбеген.

Хош, енді Қонаев биліктен кеткеннен кейінгі 1989 жылғы санаққа келейік. Қазақстанда барлығы 16 464 400 адам тіркеліпті. Мұның 6 785 760 - ы, 40 пайыздан астамы қазақтар. Қонаевтың тұсында қазақтар екі есеге жуық өсіп, 4 000 794 - ке жетіпті, өсім өте қарқынды! Орыстан асып түстік! Қонаев Мемлекет тізігінін ұстаған 24 жылда барлық халық саны 7 миллионнан астам өсіпті. Мына бір жағдайға да назар аударған жөн. М. Тынышбаев 1897 жылығы патша санағы мен 1917 жылғы санақ арасында қазақ саны 25 пайызға өскенін жазады. Енді салыстырыңыз, Қонаевтың тұсында 25 пайыз емес, 100 пайыздай өскен екенбіз! Керемет!!! Тас соқыр болмасаң осыны көрсеңші. Рас, 1955 - 1962 жылдары қытай қазақтары көшіп келді. Бірақ, олардың саны 200 000 мыңдай ғана болатын.

700 сапасыз 4 кластық мектептің орнына 2 мың орта мектеп ашылды.

Қонаевқа тағылар тағы бір жалған жала «Алматыда бір ғана қазақ мектебі болды» деген қасақана соқырлық. Алматыда Қонаев билікке келгенде, рас бір мектеп болды. Ал кеткенде нөмірі 2, 4, 5, 9 орта мектеп, 12 және 286 мектеп - интернат таза қазақша оқытты. Сонымен қатар Теміржолдың екі орта мектеп - интернаты мен 8 жылдық интернаты қазақ тілінде болды. Сонда сегіз он жылдық, бір сегіз жылдық мектепте балалар өз тілінде оқыды. Барлығы тоғыз мектеп. Көзіқарақты көпшілік біледі. Шона ағамыз бастаған ұлтшыл азаматтар үй - үйді аралап балаларын қазақ мектептеріне беруге үгіт жүргізгенде өз қазағымыз үстілерінен КГБ - ға дейін арыз жазып, «Біздің балаларымыз біреуден кем бе, орысша оқиды. Мыналар ұлт араздығын тудырып, халықты бөліп жүр» деп жігерлерін құм қылған. Қазақ мектептеріне бермей қойған. Бұған кім кінәлі, Қонаев па?

Келесі мәселе. Дінмұхамед Қонаев билікке келгенінен кеткеніне дейін осы жағдай қалай өзгерді деп ойланғаныңыз бар ма? Тағы да өз ауданымнан мысал іздейін. 1960 жылға дейін біздің ауданда бір ғана Екпінді қазақ орта мектебі болды. 1986 жылы Дімекең биліктен кеткенде, ауданымда 9 қазақ орта мектебі сапалы білім беріп тұрды. Осы кезде Қазақстанда 250-ден астам аудан баратын. Енді, Дімекеңе жалған жала жабатындар «Қонаев қанша қазақ орта мектебін ашты?» дегенге жауап іздеп көрсін. 250 ауданды менің кішкене ғана ауданымда ғана ашылған 8 орта мектепке көбейтіңіз. 2000 - дай екен. Жабылып қалды деп зар жылап жүрген төрт кластық сапасыз 700 мектепті жоғары білімді ұстаздар білім берген 2000-дай орта мектеппен салыстыруға келе ме? Мұны неге атап айтпайсыздар? Барлық жағдай зерделеу арқылы көрінеді. Салыстырыңыз. Дінмұхамед Қонаевқа бейсауат жала жаппайық.

Ауыл үшін соңғы 30 жылда не істелді?

Енді бүгінгі күнге келейік. Бар билік тізгіні өз қолымызда, қыдыңдап тұрған Мәскеу жоқ. Осы 30 жылда не істедік? Тағы да мысалды өз ауданымнан іздейін. Тағы да мектепке келеміз. Қонаевтың тұсында малын мыңдап өрістетіп, егінін жинап, өсіп - өніп жатқан ауылдардың бүгінгі жай - күйі қалай? Жүрек ауырады. Ауданымдағы Салдыркөпір, Жүнжүрек, Майлышат, Шынжылы, Майқан, Бибақан, Кеңес, Изенді секілді құдай табиғаттың бар сұлулығы мен нуын берген ауылдар қаңырап қалды. Көкжар жеке шаруашылық еді. Орны ғана бар. Төрт - бес үй бар ма, жоқ па? Осы ауылдардағы мектептерді іздеп те керегі жоқ - олар жоқ қазір.

Қай заманда да әлжуаз, қолынан іс келмейтін әлсіз билік өзінің сорлылығын көрсетпеу үшін кінәні өзгеден іздейді. Бұл саяси, ең лас технология. Жетілген мемлекеттер, мысалы, Еуропа бұл технолгияны қолдануды қазір ар санайды. Бізде керісінше, ақы төлесе блогер - млогерлеріміз сұңқылдай жөнеледі. «Ұят» деген категория ұмытылып кетеді. Қонаевтан кінә іздейтін топтағылар, жұртты ақылсыз санамаңдар. Біз бәрін көріп, ой елегінен өткізе аламыз. Алдымен Қонаевтың деңгейіне жетіп алайық !

Қонаевтың тұсында қызылша биылғыдай далада қазылмай қалмайтын, бидай түп - түгел өтетін. Дихан сорламайтын. Ондайға жол берген босбелбеу басшыларды дүмдерінен бір теуіп қуып тастайтын, қайран Дімекең!..

Желідегі жазбамен бөліскен Салауат Сламжанұлы.

Редакциядан: 12-қаңтарда Талдықорған жұртшылығы Дінмұхамет Қонаевтың бюстіне барып тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Мұндай тағзым жылда жасалып тұрады. 24 жыл Қазақстанды басқарып, елі мен жерін өркендеткен мемлекет қайраткері елінің есінде мәңгі сақталмақ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АДАЛ АДАМ, АДАЛ ЕҢБЕК, АДАЛ ТАБЫС

Тыныштық қазақстан көгіндегі,
Орнықты еркін еңбек өңірдегі.
Арқаны адалдықтың - адал табыс,
Ырысы дастарханда төріндегі.
Тәуелсіз түбірінен тазарған ел,
Биіктеп берекесі көрінеді.
Осыны әлем жұрты мойындаса,
Қызғаншақ көреалмастар жеңіледі.
Алға озып, аға буын жол нұсқаса,
Жастары жақсылыққа беріледі.
Оларға үлкендердің өнегесі,
Саналы сезімдерде тебіндеді.
Болады бірлік болса, тірлік – табыс,
Ғибрат өркімге аян өмірдегі.
Келеді ел тазарып, жер жаңарып,
Тігісі тұтастықтың сөгілмеді.
Дипломат, саясаткер президент,
Халқына қамқорлықтан ерінбеді.
Әр елге сапарлаған жұмысында,
Ақ таңы адалдықтың тебіндеді.
Бұл күнде тіс жаруға дәті жетпей,
Білінді дұшпандықтың жеңілгені.
Және бар өз ішінен бүлінген ел,
Байқалды суыртпақтай сөгілгені.
Келіспей бітімгерлік шартыменен,
Әзер тұр қарғын судай төгілгелі.
Өмірді бейбітқатар сүру керек,
Қажеті адамзатқа өлімбе еді?!
Секілді темірқазық Қасым-Жомарт
Жарқырап жеке-дара көрінгені.
Бағдарлы жаңаруға бетбұрыс бар
Мемлекет емеспіз ғой елудегі
Елжанды басшылықты құп көреміз
Жүректе сенім емес сенімдегі
Қарттардың қажымайтын үлгілі ісі
Жадында жас буының тебіндегі
Ту бастан берекелі бірлігі бар
Ешқашан қазақ жұрты бөлінбеді
Тәлімі бабаларға тартып туған
Тарихы топыраққа көмілмеді
Өшпестей мәңгілікке жасайтұғын
Рухы тасқа бекем желімделді
Белгілі беделімен-Қазақстан
ШЫҰ-ға алмайды ғой қарінгенді
Адамдар адал болса табыс келер,
Ер жігіт жалқаулықты намыс көрер.
Еңбектің әрдайымда зейнеті мол,
Оның да игілігін халық көрер.

ҚАЗАҚ ЖЕРІ

Қайнары бүлкілдеген қысы-жазы,
Өзені күркіреген Ақсудағы.
Бір кезде қысым көріп шекара асқан,
Қандасын Қызай-шеру жатсынбады.
Осында өтті менің балалығым,
Сезініп таулы өлкенің даралығын.

Еркелеп ес кіргеннен естіп өстім,
Би-шешен қарияның даналығын.
Сайрам көл, сағасында таулы Талқы,
Жайлаған Майқан, Сымтас өскен халқы.
Бесағаш, Теректі мен көркем Көксай,
Көш жолы өтетұғын асқары алты.
Бөтен жер бұрыннан да емес еді,
Ешкімді қайдан келдің демес еді.
Қазақтың тұтас жерін бөліске сап,
Бүлдірген коммунистер кеңес еді.
Сөгілді содан бастап ел арасы,
Қытайдың қыңыр келді төрағасы.
Бөліп ап шығыстағы Түркістанды,
Ат қойды «Жаңа жер» деп баламасы.
Жас едім осы тұста мектептегі,
Күмәнді әрбір күнім текке өтпеді.
«Біздегі бөтен жұрттың баласы» деп,
Ақындық өркенімді көктетпеді.
Тірлікте көргенімнің бәрі қызық,
Кейбіреуін жазбаймын астын сызып.
Туыппын 41-дің көктемінде,
Өмір сүрдім әр жерде үзік-үзік.
Бар да шығар әлі де көрмегенім,
Алдағыны армандап көрмек едім.
Толқынында дауылды замананың,
Желкенімді құлатпай мен келемін.
Көрдім елді Көк тулы даласымен,
Ел басқарған дарынды данасымен.
Іргетасы халқының - Ата Заңы,
Мәпелеген сәбиді анасымен.
Ұялатып өшпестей санаға аппақ,
Өсиетін бабаның тиянақтап.
«Қазақстан» атанған ел мен жерді,
Өтсек болды ұрпаққа аманаттап.

КӨШКЕНТАЛ

Баянжүрек тауынан күн шығады,
Көшкенталға түседі нұр шуағы.
Табын-табын өріске мал айдаған,
Көршілерден көңілді үн шығады.
Көре жүре осынау көріністі,
Өлеңдетпей көңілім тыншымады.
Балалар да мектепке бет алады,
Бағдаршамсыз көшеден өте алады.
Бәрі зерек, сол күнгі сабағынан,
Біреуі төрт, біреуі бес алады.
Жөргегінде тектілік дарығандар,
Азамат боп ақылды өсе алады.
Осы ауылдан бес бірдей ақын шықты,
Бір көшеге бермеген атын тіпті.
Әуелгі ақын Дариға ұстаз еді,
Марфуғаның дарыны басым щықты.
Заңғар таулы өлкенің аруы-тын,
Табиғаттан үйренген басымдықты.
Ешкіөлместің белінен есіп келген,
Тентек ұлдай тынымсыз бесік көрген.
«Аюлы» сай басынан сел жүргенде,
Бұл араға тал-терек көшіп келген.
Саялы бақ бұлақтың жағасында,
Жапырағы жайкалып өсіп-өнген.

Содан бастап Көшкентал - ауыл болды
Ақын Сара секілді аңыз болды.
Бет қаратпас бораны қыс күндері,
Өткел бермес ақтүтек дауыл болды.
Мен де келіп қатарға қосылыппын,
Жүрер жолым соқпақты ауыр болды.
Өтепберген - Жұмашпен жерлес болып,
Қаламгерлік еншіміз тәуір болды.
Әуелдегі шап-шағын қонысымыз,
Өсе келе ұйысқан қауым болды.
Жарты әлемге әйгілі Қапал кенті,
Арық аттай бұл күнде жауыр болды.
Көсегемді көгерткен Көшкенталым,
Қамыққанда шығатын тауым болды.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАҒДЫРЫМ

Тәуелсізбіз, еркін елміз, азатпыз,
Кең даланы ен жайлаған қазақпыз.
Жайшылықта жаттығы жоқ ешкімнің,
Жаушылықта шындап келсек ғажаппыз.
Сол себептен тәуелсіздік – тұғырым,
Әр жүректе ұялаған бұл ұғым.
Таудан аққан тасбұлақтай сарқыры,
Елім-жерім шарайнадай тұнығым.
Келе жатса Семей жақтан таң атып,
Сарыарқаға нұрсәулесін таратып.
Сегіз қанат ақордамды тігемін,
Босағасын құбылаға қаратып.
Ағызамын еркелетіп Есілді,
Бойын жаза Астанаға көсілді.
Жер жаннаты – Жетісуды мекендеп,
Еркіндікте түзеп алдым көшімді.
Атырау-Алтай ол да менің айлағым,
Секілденер сүт бетінде қаймағым.
Алатау мен Ұлытауға ұялап,
Көшіп-қонып құлашымды жайғанмын.
Еңселеніп бүгіндері тұр елім,
Еш бөгетсіз аралаймын Сыр елін.
Тәуелсіздік тұғырына тәубе етіп,
Қасиетті Түркістанға түнедім.
Әне солай еркін елміз, азатпыз,
Болсақтағы сан жағынан аз-ақ біз.
Ғасырларды көктей өткен қайыспай,
Өзгелерден мерейі үстем қазақпыз!

СЕНІМ

Ақ қағаздай таза едің,
Көктемдей көркем жаз едің.
Не пәлеге жолықтың?
О, Тәңірім тап емін.

Сәби күнің – ақтығың,
Періштедей пәк күнің.
Көз алдымда өтті ғой,
Есейгенің – жастығың.
Жүруші едім жетелеп,
Стадионға төтелеп.
Жүгіруші едің томпаңдап,
Қадамыңды еселеп.
Еркін өстің оқыдың,
Көкейіңе тоқыдың.
Азамат едің білімді,
Қайда отырсың осы күн?
Сені итерген қылмысқа,
Жасырын ғой бұл нұсқа.
Жала жапты қатындар,
Мәнсап қуған тұрмыста.
Кемдеу еді сақтығың,
Алаңсыз болып атты күн.
Сүріндірді сайтандар,
Аллаға аян ақтығың.
Арапбиім – немерем,
Қолтығымнан демеген.
Сағынышпен сарғайып,
Жыр жазармын демеп ем.
Ержігіттің басына,
Нелер келіп, кетпейді.
Қиянатшыл қағида,
Таразыдан өтпейді.
Жақсы күндер келеді,
Атаң, апаң дәмелі.
Бір Аллаға сиынып,
Пәктігіңе сенеді.

Кенжехан РАҚЫШ
ақын, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан журналистер одағының мүшесі

ҚЫС ӨЛЕҢДЕРІ

ҚЫС КЕЛГЕН КҮНІ

Тысқа шықсам,
Күн шыңылтыр, қар жауған.
Ызғар, аяз атырылып бар маңнан,
Асып анау асқар-асқар таулардай,
Қыс жетіпті тонын теріс аударған.
Қыс жетіпті,
Сол баяғы кезіндей,
Қуырып жүр дүниені көз ілмей,
Күн нұрынан еш жылылық сезілмей,
Әйнектенген маскүнемнің көзіндей.
Шуылдаған шау қарғадай жар салып,
Сәбилер жүр кәрі атасын қарсы алып.
Махаббаттан ұмыт қалған ұстаз қыз,
Терезеге қарап отыр тамсанып.
Терезеге қарайды да, тамсанып,
Мұңая ма, қуана ма ән салып?!
Жібір емес терезеге қатқан мұз,
Жылуымен жылытса да қаншалық.
Аттанасың аяқтамай арманды,
(Рас екен, жалған десе, жалғанды!)
...Қыз жанарын оқулыққа аударды,
Шешпек болып көп белгісіз сандарды...

Мұқағали Мақатаев

ҚЫРДАҒЫ ҚЫС

Түнімен долы дауыл құрыстаған
Секілді арыстандай жыны ұстаған.
Жамылып ақ көрпесін енді ғана
Маужырап байтақ дала тыныстаған.
Қалыпты қарауылда жыңғыл, құрақ,
Іліп ап ақ мамықтан бір-бір тұмақ.
Мәз болып жас баладай, айналаға
Қарайды әр бұтадан күн жылтырап.

Фариза Оңғарсынова

ҚЫРЫҚ КҮН БОЛДЫ ҚЫС КІРГЕЛІ

Қырық күн болды қыс кіргелі,
Ауыр нәубет жетті елге.
Кетіп қалды құстың көбі
Басқа мемлекеттерге.
Ода оқиды қарға таңнан
Мәртебелі қысты ән ғып:
«Мен хан едім арғы атамнан,
Құл еді, - деп, - құс барлық».
Айтсын қарға, десін құзғын,
Сайран етіп кең ішін.
Ерте кеткен есіл күздің
Қырқы бүгін мен үшін.

Есенғали Раушанов

ҚЫС ПЕН ЖАЗ

Балқытып гүлді деміне
Сүйді жаз әбден беріле;
Әкетпек еді ұзатып
Өзінің жылы жеріне...
Қызғаншақ қыс келді де
Сілтеді суық қанжарын.
Жас жігіт қыршын өлді де
Қалдырып кетті жан жарын.
Құтырған шал құмартты,
Қызыға сүйді жас гүлді.
Бойына нәзік мұз қатты,
Үгілді гүл, төгілді.

Әбділда Тәжібаев

Бейсенбі - Четверг, 23 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Алатау» редакциясының қатысынан емес.

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «фиш и чип. вредные друзья»
09.30 сериал «Мама Лора»
11.30 Тамаша
12.00 Нарезки. «Cover Show»
13.00 Телехикая «Келінжан-3», «Келінжан-4»
14.00, 20.00 Телехикая «Өмір Ғажап»
16.00, 23.15 Сериал «Акушерка»
18.00 Біздің Назарда
18.30 Новости
19.00 Ток Шоу. «Итоги»
19.30 Жаңалықтар
21.45 Телехикая «Дос Пен Дұшпан»
22.45 Телехикая «Келінжан-4»

АСТАНА

телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Алатау» редакциясының қатысынан емес.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
07.00, 19.00 «Koremiz-Шоу»
08.00 Қайырлы Таң, Қазақстан!
09.00 Доброе Утро, Казахстані
10.10 «Жить Здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Шулер»
13.00 «Пусть говорят»
14.15, 01.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.20 «Новости»
Басты Жаңалықтар
20.00 «Главные Новости»
20.35 Сериал «Невскии»
00.10 Ночной кинотеатр
01.35 Паутина
02.45 Ең Алғашқы

КТК

07.05 Кешкі Жаңалықтар (Қайталау)
07.30 «Қыл Үстіндегі Тағдыр-2
09.10 Вечерние новости (Повтор)
09.50 «Таифун»(Повтор)
11.50 «Цвет Мести», Мелодрама (Повтор)
13.40 «Маруся», Мелодрама
15.40 «Поцелуй», Мелодрама.
17.30 «Реальная мистика», Реалити-Шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы Ақиқат», Ток-Шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Чужие грехи», Мелодрама
23.40 «Тайфун», острось- жетный детектив
01.40 «поцелуй», мелодра- ма (повтор)
03.30 «өткен күндер-1»
05.20 «астарлы ақиқат» (қайталау)
06.05 кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
13.20 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Мақсатына жеткендер»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.00 «Дала үні»
17.50 «Коронавирус»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.30 «Ащы да болса…»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл Студио» Ойын-Сауық Бағдарламасы
06.30 «31 Әзіл» Ойын-Сауық Бағдарламасы
07.00 Информбюро (Рус., Каз.)
07.50 «Tik Tok Show» Ойын-Сауық Бағдарламасы
08.30 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды Мекен» Телехикаясы.
11.00 Телесериал «Асау»
11.40 «Time Vine»
12.30 Кино. «Меня зовут Кхан» (Повтор)
15.40 Кино. «Пассажиры» (Повтор)
17.50 Кино. «Гол-2. Жизнь Как Мечта»
20.00 Информбюро (Рус., Каз.)
21.00 Кино. «Точка Обстрела»
22.50 Телесериал «Асау»
23.30 «31 Әзіл» Ойын-Сауық Бағдарламасы
01.00 Реалити-Шоу «Келіндер Бәйгесі»
01.50 «Time Vine»
02.30 «Tik Tok Show»
03.20 «What's Up?»
04.00 «Әзіл Студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина «Bala Batlle»
05.00 «What's Up?»
05.20 «Ризамын» О

7 КАНАЛ

06.02 телехикая «Тақиясыз періште»
07.00, 18.30 телехикая «Сезім үшін»
08.00, 17.00, 18.15 телехикая «Абысындар-2»
09.25.00.40 Жаңалықтар
09.40, 00.55 Новости
10.00, 19.50 сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 сериал «Бесценное время»
12.40 Телесериал
14.50 Сериал «Исчезающие следы»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.30 Сериал «Верю Не Верю»
23.30 Әзіл әлемі
01.15 Телехикая «Әкесінің баласы»
02.15 «Жайдарман»
03.15 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.35 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Жұма - Пятница, 24 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

Телеарнасы бағдарламасының болмауына, «Алатау» редакциясының қатысы жоқ.

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 «Фиш и Чип.Вредные друзья»
09.30«Мама Лора»
11.30 «Тамаша»
12.00 «Cover show»
13.00,22.45 «Келінжан-4»
14.00,20.00 «Өмір ғажап»
16.00,23.15 «Акушерка»
18.00 «Көзқарас»
18.30 Новости
19.00 «Талқы»
19.30 Жаңалықтар
21.45 «Дос пен дұшпан»

АСТАНА

Телеарнасы бағдарламасының болмауына, «Алатау» редакциясының қатысы жоқ.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
07.00,19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро,Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
11.50 «Шулер»
13.00 «Пусть говорят»
14.00,01.30 «Новости»
14.15,01.45 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike» бағдарламасы
18.30,02.45 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.50 «Поле чудес»
22.00 «Ненавижу»
02.00 «Паутина»
03.15 «Ең алғашқы»бағдарламасы

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
09.10 «Вечерние новости»
09.50 «Тайфун»
11.50 «Цвет мести»
13.40 «Маруся»
15.40 «Поцелуй»
17.30 «Реальная мистика»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние Новости
21.40 «Стандарты красоты»
01.10 «Поцелуй»
03.10 «Өткен күндер-1»
05.00 «Дау-дамайсыз»
05.45 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Домбыра»
12.00 «19 регион»
12.30 «Дала үні»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Шыңыраудан шыңға»
14.30 «Ащы да болса…»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.00 Д/ф «Ғасыр жобасы»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Абадан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
06.30 «31 әзіл»
07.00 «Информбюро»
07.50 «Тик ток-шоу»
08.30 «Буба»
09.00 «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды мекен»
11.10 «Асау»
11.50 «Гол-2.Жизнь как мечта»
14.00 «Проект А.Часть-2»
16.10 «Анаконда»
18.00 «Анаконда-2»
20.00 Информбюро
21.00 «Крид.Наследие Рокки»
23.40 «Асау»
00.40 «31 әзіл»
01.00 «Келіндер бәйгесі»
01.50 «Тайм вайн»
02.30 TikTok show
03.20 What 's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00,05.45 Әнұран
06.02 «Тақиясыз періште»
07.00,18.30 «Сезім үшін»
08.00,17.00,18.15 «Абысындар-2»
09.25,00.30 Жаңалықтар
09.40,00.45 Новости
10.00,19.50 «Великолепный век. Хюррем»
11.00,21.00 «Бесценное время»
